# SARYARQA

29 mamyr
2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№19 (8183)



AINA
ЕЛДІК пен ЕГЕМЕНДІК НЫШАНЫ 2-бет

KÚN TÁRTİBİ
АБАТТАНДЫРУ ҚАРҚЫН АЛДЫ 3-бет

ZERDE
ҰРПАҚҚА ҮЛГІ 5-бет

QOĠAM
МАУСЫМ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ 6-бет


ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС

## БАСТЫ ӨЛШЕМ – АДАМИ КАПИТАЛ



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен сәрсенбі күні Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысы өтті. Кеңес отырысы адам капиталын дамыту мәселелеріне арналды. Президент отырыстағы сөзінде Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бүгінгі отырысына дейін атқарылған жұмыстардың нақты нәтижесі бар екенін, «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа Заңға қол қойғанын атап өтті.**

– Жаңа заң азаматтардың бейбіт жиындар өткізуге конституциялық құқығын толық қамтамасыз етеді. Саяси реформалардың бірінші топтамасына кіретін басқа да заң жобалары әзірленуде. Сондай-ақ сайлау туралы және саяси партиялар туралы заңдарға өзгерістер енгізетін құжаттарға қол қойдым. Біз парламенттік оппозиция институтын енгіздік. Саяси партияларды тіркеуге қатысты талап жеңілдетілді. Сайлауға түсетін саяси партиялар әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота бөлетін болады. Жала жабуды қылмыс санатынан алып тастау және Қылмыстық кодекстің 174-бабын ізгілендіру жөніндегі нормаларға азаматтар барынша қолдау білдірді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев отырыстың күн тәртібі туралы айта келіп, кез-келген мемлекет үшін адами капитал басты өлшемге айналғанын атап өтті.

– Жаңа ахуал білім және ғылым жүйесін түбегейлі реформалауды талап етіп отыр. Енді бұл саланың маңызы арта түсетіні анық. Тіпті экономиканың өзі соған тәуелді болмақ. Біз білім мен ғылым саласының болашақтағы рөлін айқын түсінуіміз керек. Бүкіл мемлекеттік саясатты соған сәйкес жүзеге асырамыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстанның білім саласына бөлетін қаржысы жеткіліксіз екенін, соның салдарынан білім беру сапасы мен мектеп инфрақұрылымы дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда кенжелеп қалғанын жеткізді.

– Қазақстанның мектептері жақсы жабдықталып, сыныптағы оқушылар санының көп болмағаны қажет. Мемлекеттік білім беру бағдарламасы бойынша 2025 жылға қарай 650 орындық және одан да көп оқушыға арналған 800 жаңа мектеп, ауылдардағы тірек мектептер үшін 114 интернат, 700-ден астам спорт залдарын салу жоспарланып отыр, – деді Президент.

Президент мемлекеттік тілді оқытудың тиімділігін барынша арттыруға шақырып, бұл мәселеде Еуропа елдерінің тәжірибесіне назар аудару қажеттігін айтты.

– Олар тіл үйрету барысында, негізінен, оқу орындарындағы жастарға көбірек мән береді. Сондықтан Тіл комитетін екі мың жиырма бірінші жылдан бастап Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өткізген жөн. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесін әзірлеу және оны үйрету ісіне қатысты әлеуетімізді бір орталыққа шоғырландыруға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ғылымды дамытуға баса мән берді.

– Жалпы ғылымға бөлінетін қаржыны жоспарлы түрде көбейтеміз. 2025 жылға қарай оны жалпы ішкі өнімнің 1 пайызына дейін жеткіземіз.

►►*2-бетте*

### Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!



*Жыл сайын 31 мамырда Қазақстан өз тарихының ең қайғылы беттерінің бірі-Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін атап өтеді.*

*Қуғын-сүргін миллиондаған кеңес азаматтарының, соның ішінде қазақстандықтардың да өміріне зардабын тигізді. Кеңес өкіметінің асыра сілтеуі нәтижесінде көшпенді ел айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Жаппай индустрияландыру және қалалардың өсуі шаруалардың материалдық ресурстарының сарқылуына алып келді. Еліміздің ойшыл азаматтары, патриоттары партия қайраткерлерін жіберген қателері мен жөнсіздіктері үшін сынға алды. «Алаш-Орда» қозғалысы құрылды. Бірақ демократиялық құндылықтар сол кездегі саясат үшін қолайлы емес еді.*

*Қуғын-сүргін жылдары Қазақстан лагерьлеріне 5 млн астам адам жіберілді. 1920 жылдан 1953 жылға дейінгі кезеңде тек Қазақстанда 100 мыңнан астам адам сотталып, 25 мыңына ең қатаң ату жазасы қолданылды. 1932-1933 жылдардағы жаппай ашаршылық кезеңінде Қазақстанда бір жарым миллионнан астам адам қаза тапты. 600 мыңнан астам қазақ елден кетуге мәжбүр болды.*

*Үлкен шығынға қарамастан, біздің халқымыз өзінің ғасырлық даналығын, адамгершілігі мен ізгі қасиеттерін сақтап қалды. Қазақстанға күштеп жер аударылған басқа этностардың (1,5 миллион) өкілдерінің аман қалуына көмектесіп, оларға үміт отын жақты.*

*Қазақстандықтардың бүгінгі ұрпағы тарих сабақтарын ұғынып және дұрыс түсінген-де ғана олар құндылығын сақтайды. Халқымыздың ХХ ғасырда басына түскен нәубеттің қайталанбауының сенімді кепілі – ол ел бірлігі, татулық пен тұрақтылық. Сондықтан біз ұлы игілігімізді – Тәуелсіздігімізді бағалап, сақтап, өркендетуіміз керек.*

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

### Қымбатты балалар, ата-аналар және құрметті жерлестер!



*Сіздерді жарқын мереке 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз!*

*Бұл – тамаша, қуанышты және жанға жылы мереке. Балалар біздің өмірімізді мән-мағынаға толықтырып, болашаққа үміт сыйлайды. Бұл мереке барлық адамзат баласын біріктіріп, гумманизмге шақырады және балаларға үнемі қамқорлық жасау, олардың құқықтарын сақтау және құрметтеу қажеттілігін, отбасы мен қоғамның әрбір баланың тағдыры үшін жауапкершілігі туралы еске салады.*

*Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің ақпаратына сәйкес, бүгінгі таңда Қазақстанда әрбір кәмелетке толмаған баланың дұрыс дамуына, ойындарға қатысуға, әділ сот төрелігіне, білім алуға, кемсітушіліктен, зорлық-зомбылықтан, қанаудан қорғауға, өз көзқарасын еркін білдіруге құқығы бар. Кішкентай қазақстандықтар, соның ішінде жезқазғандықтар да бұл қамқорлықты бүгінгі күні толық сезінуде.*

**Қымбатты балалар!** *Әрдайым жақсылық пен әділдіктің жеңісіне сеніңіздер, өздеріңнің, туған-туыстарыңның, туған еліміздің игілігі үшін жақсылыққа, жасампаздыққа ұмтылыңдар. Сіздерге денсаулық, үлкен жетістіктер және жақсы көңіл-күй тілейміз!*

**Мереке құтты болсын!**

**Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ**
**Қалалық мәслихаттың хатшысы С.МЕДЕБАЕВ**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

## ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің алдағы даму бағытын айқындай түсті Оның ішінде, әлеуметтік қолдау мен халықтың әл-ауқатын көтеру, экономикадағы жүйелі реформалар, идеология мен мәдени даму мәселелері, мемлекеттік органдар мен қызметтерді жүйелеу тағы да басқа жұмыстар айтылды. Тарихи құжатта заманауи тиімді мемлекет, қоғамдық келісімді нығайту, қарқынды дамыған және инклюзивті экономика, әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңін талдап, халық пен Үкімет арасында еркін диалогтың орнығуына жол ашты.**



Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Ел Президенті тиімді экономикалық реформалар елдің қоғамдық-саяси жаңғыруынсыз мүмкін еместігін айта өткені есімде. Бұған дейін экономика бірінші орында, одан кейін барып саясат болатын-ды. Басымдылықтардың өзгергені деп осыны айтуға болады. Сондай-ақ, «қоғамның негізгі мәселелері көшеде емес, Парламентте шешілуі керек» дегені де стратегиялық әрі тактикалық жоспар. Пайымдап қарасақ, парламентшілер өз міндеттерін тиісті деңгейде атқаратын болса, көшелер мен алаңдарға шығу қажеттілігі өздігінен жойылар еді.

Қасым-Жомарт Кемелұлының қазақ тілінің қолданыс аясын ұлғайту туралы айтқан пікірлері де аса маңызды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру ұсынысы тіл жанашырларын бір серпілтіп тастады. «Тіл – үлкен саясаттың құралы» екенін ұмытпаған жөн, сондықтан ол міндетті түрде қолданыста болуы шарт.

Мемлекеттік қызметшілер жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында арнайы дайындығы бар жас кадрларды тарту қажет.Сонымен бірге 2020 жылдан бастап біз мемлекеттік қызметшілердің санын біртіндеп қысқартуға кірісіп, үнемделген қаражатты неғұрлым пайдалы қызметкерлерді ынталандыруға жұмсаймыз дегені де орынды.

Президент сонымен қатар, сот жүйесіндегі және полициядағы реформалар туралы да атап өтті. Жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарту, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажет. Бұл мәселені шешуді Парламентке және Үкіметке тапсырамын деді.Мемлекет басшысының мемлекеттік сатып алулар процесіне назар аударғаны да қуантады.

Полиция қызметкерлерінің мәртебесі мен еңбекақысын көтеру, тұрғын үй жалдау, ХҚКО қағидаты бойынша заманауи фронт-кеңселер құру оң нәтижелерге алып келеді, сол арқылы полиция қызметінде көп нәрсені өзгерте алатын сауатты қызметкерлер келетін болады.

Жолдауда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы, жер мәселесі, қарыз жүктемесін төмендету, атаулы әлеуметтік көмек, табыс салығы, бизнесті, әсіресе, шағын және орта бизнесті дамытуға кедергі келтіру жайы да қозғалды. Жолдауда айтқандай, Президент ауылды қолдауға қомақты қаражат бөлуде. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасына қосымша 90 млрд қаралатын болады. Бұл – елді-мекен мен ауылды дамытуға берілген үлкен мүмкіндік.

►►*3-бетте*

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН және АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

**31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. XX ғасыр басындағы зұлматты жылдарда ұлт қайраткерлері адам төзгісіз, жантүршігерлік азаптардан өтті, «себепсізден-себепсіз ату жазасына кесіліп отырды. Шолақ саясат салдарынан қолдан жасалған аштық қазақ тарихындағы ұлттың генофондына орасан нұқсан келтірген зұлмат болды. Азалы жылдардың ақыретін анықтауға барынша күш салып, ашаршылық тақырыбын республикалық деңгейде көтеріп жүрген «Ашаршылық құрбандары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рамазан ҚҰРМАНБАЕВПЕН сұхбатымыз да осы ашаршылық туралы болды.**

## *Рамазан ҚҰРМАНБАЕВ:*
## «АШАРШЫЛЫҚТЫ ГЕНОЦИД ДЕП БАҒАЛАУ ҚАЖЕТ»



**– Рамазан аға, алдымен ашаршылық тақырыбына қалай келдіңіз, оған не себеп болды? Қандай деректер немесе оқиғалар назарыңызды аудартты?**

– 1931-1933 жылдардағы қолдан ұйымдастырылған ашаршылық кезінде ең көп адам шығыны болып, халқының көп бөлігі қырылып қалған қазақтар мен украиндер екен. Әр ел жеке дара кетіп, Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін украиндар бұл мәселені бірден көтерді. Бұл ұлтты қырып, біржолата тұқым-тұяғымен жойып жіберу үшін жасалған қасақана ашаршылық, яғни, геноцид екендігін барынша дәлелдеп бақты. Осы тақырыпта тарихшы ғалымдары зерттеу жүргізді. Түрлі бейнематериалдар әзірленді. Соның нәтижесінде бұл қолдан жасалған геноцид екендігін АҚШ сенаты шындық деп танып, қолдау білдірді. Бұл оқиғадан кейін тағы әлемнің 23 мемлекеті мойындады. Бірақ, әттеген-айы, белгілі бір арнайы талаптардың орындалмауына байланысты БҰҰ бұл ашаршылықты геноцид қиянаты деп таппады. Дегенмен, соның өзінде әлемнің беделді мемлекеттерінің көбі бұны геноцид деп танығанының өзі неге тұрады?!

Ашаршылық туралы бірен-саран естіген-білген боларсыздар. Себебі, қаншама жанның зардап шегуі арқылы, елім деп еміреніп, жерім деп тебіренген сан түрлі боздақтардың басын бәйгеге тігіп, өмірлерін құрбан етуі арқылы келген тәуелсіз кезеңде өздеріңіз секілді жас ұрпақтың тарихты білуі өте маңызды. Себебі өткені ұмытылған ұлттың ертеңі де болмақ емес. Мен бүгінгі Қазақстан тарихын соншалықты мінсіз, мөлдір, анық дей алмас едім. Себебі, біздің тарихымызда әлі де болса су бетіне шықпаған, кезінде жіберілген олқылықтар салдарынан тасада қалып кеткен жұмбақ жайттар өте көп. Әйтсе де, қай жұмбақтың болмасын нақты шешімі болатыны шындық. Тек біз соны жөнді шеше алмай жатырмыз немесе сол бір жұмбақтың жауабы табылғанын қаламаймыз.

1931-1933 жылдардағы ашаршылық көптен ойластырылған іс еді. Яғни, бұл – геноцид. Алдымен «геноцид» ұғымына нақты түсініктеме берейік. Геноцид дегеніміз – адамдардың үлкен тобын, соның ішінде, әсіресе, белгілі бір ұлт пен этникалық топтың адамдарын қасақана өлтіру. Бұл саясат қазақтар үшін әдейі істелді. Әңгімені басынан бастайық. 1917 жылғы ақпан, қазан төңкерістерінен кейін еліміздің оңтүстік өңірлерінен бастап Кеңес үкіметі орнай бастады. Өнеркәсіп орталықтары мен темір жолға жақын, жұмысшылар басым оңтүстік және солтүстік аймақтарда – бейбіт жолмен, Сібір, Орал, Жетісу казактары мен офицерлер, кулактар біріккен контрреволюциялық күштер басым аудандарда – қарулы күрес жолымен орнаған Кеңес үкіметі көсемі Владимир Ильич Лениннің «Нан – ашыққандарға, бейбітшілік – халыққа, жер – шаруаларға, билік – кеңестіктерге!» деген ұраны жай дақпырт түрінде ғана қалды. Себебі, кеңестік билік тұсында да қазақтың соры бес елі болып қала берді.

Азамат соғысынан соң пайда болған қиындықтарды еңсеру мақсатында Кеңес үкіметі 1918 жылы қалалардағы өнеркәсіп жұмысшыларын, қызыл әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында елдегі барлық материалдық астық қорын иемденуге көшті.

►►*5-бетте*

SARYARQA-АҚПАРАТ

## Т. РАХЫМБЕКОВ ЖАСТАРДЫ ҒЫЛЫМҒА ТАРТУ ЖОЛДАРЫН ҰСЫНДЫ

**Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Төлеутай Рахымбеков кеңестің үшінші отырысында жастарды ғылымға тартудың бірнеше жолын ұсынды.**

– «Ғылыми кадрлардың санын көбейту мәселесі де өте өзекті. Соңғы 30 жылда 1 миллион тұрғынға шаққанда республикада ғылыми кадрлардың саны екі жарым есе азайған. Бұл көрсеткіш бойынша ТМД-дағы серіктестердің өзінен 1,5-2 есе артта қалып отырмыз, – деді Төлеутай Рахымбеков.

Ұлттық кеңес мүшесі ғалым болудың жастар арасында тартымдылығын арттыру үшін мынадай амалдарды ұсынды.

– Біріншіден, мемлекеттік тапсырыс аясында магистранттар мен докторанттар үшін оқу құны мен шәкіртақы мөлшерін арттыру мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұған тіпті, мемлекеттік тапсырыс аясындағы олардың санын азайту арқылы да қол жеткізуге болады. Екіншіден, «Болашақ» бағдарламасы бойынша ең жақсы шетелдік ғылыми орталықтарда ғалымдарға стажировкадан өту шараларын қарастыру керек. Үшіншіден, ғылыми мекемелерді базалық қаржыландыру көлемін ұлғайтқан абзал. Төртіншіден, ғылыми жабдық, импорттың салықтық және кедендік ынталандыру мәселесін шешкен дұрыс, – деді ол.

## КЕЛІСТІ КЕШЕНГЕ – ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШ

**Газетіміздің өткен санында хабарлағанымыздай Алтын Орданың 750 жылдығына орай Жошы хан кесенесінің жанынан тарихи-мәдени орталық құрылысы басталғаны белгілі. Тарихи-мәдени кешенде Ұлық ұлыстың негізін қалаушы Жошы ханның тарихи бейнесін ашатын мүсіндік-көркемдік ескерткіш орнату жоспарланған.**




Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің жанындағы Монументті өнердің жаңа құрылыстары жөніндегі комиссияның хаттамасы негізінде кесене жанына Жошы хан ескерткішін орнатуға рұқсат алынып, ескерткіштің үздік жобасын анықтау мақсатында республикалық ашық конкурс жарияланды. Конкурсқа 6 жоба ұсынылды.

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі арнайы комиссиясының хаттамасына сай жоғары көркемдік деңгейде орындалған Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Ғазиз Ешкеновтің жобасы үздік деп танылды. Қола мен граниттен құйылатын ескерткіштің биіктігі 3,2 метр, ал тұғыры 1,5 метр болады.

## «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» КОМПАНИЯСЫ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

**«ҚазМұнайГаз» компаниясы оңтайландыру жұмысын бастады. Бұл туралы ҚР Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн брифингте айтты.**

– «ҚазМұнайГаз» компаниясы оңтайландыру жұмыстарын аппараттық орталықтан бастады. Бұл үрдіс өзінің қарамағындағы еншілес мекемелерде әрі қарай жалғасын табатыны сөзсіз. Бірақ бұл жұмысшыларға көп әсерін тигізбеуі керек деген ұсыныс бар. «ҚазМұнайГаз» компаниясының ұстанымы осындай, – дейді ҚР Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев.

Оның айтуынша, оңтайландыру жұмысы жұмыссыздарды жаппай қысқартуға алып келмейді.

– Өңірлерге қойылатын басты талап – мұнай саласындағы қызметкерлерді себепсіз жұмыстан босатуды болдырмау, – дейді ол.

## БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ 11,6 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕНІ ҚҰРАДЫ

**Қазақстандағы маңызды қаржы институттарының бірі «БЖЗҚ» АҚ-ның зейнетақы жинақтары 01.05.2019 жылдан 01.05.2020 жылға дейін 1,9 триллион теңгеге немесе 19%-ға ұлғайды. Осылайша зейнетақы жинақтары 11,6 триллион теңгеден асты.**

Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасты және 2020 жылдың 4 айында 8%-ға ұлғайып, 11,4 трлн теңге болды. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 273 млрд теңге (өсім 11%), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 2 млрд теңгеден асты (өсім 7%).

Салымшылардың шоттарына 2020 жылдың басынан бері жалпы көлемі 347,1 млрд теңге зейнетақы жарналары түсті, бұл 2019 жылдың алғашқы 4 айындағы көрсеткіштен 15%-ға артық. Төлемдер 52,6 млрд. теңгені құрады, олардың басым бөлігі жасына байланысты (21,4 млрд.теңге), ҚР шегінен тыс ТТЖ кету бойынша (12,6 млрд. теңге), сақтандыру ұйымдарына аударымдар (9,8 млрд. теңге), мұрагерлерге (7,4 млрд. теңге), жерлеуге (0,8 млрд. теңге) берілген.

2020 жылдың басынан бастап 1 мамырға дейінгі жағдай бойынша БЖЗҚ салымшыларының шоттарына 536 млрд теңгеден астам таза инвестициялық кіріс есептелді, бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 381,1 млрд теңгеге артық. Естеріңізге сала кетейік, 2019 жылдың алғашқы төрт айында таза инвестициялық кіріс 154,9 млрд теңгені құраған болатын.

ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС

# БАСТЫ ӨЛШЕМ – АДАМИ КАПИТАЛ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Қасым-Жомарт Тоқаев Кеңес мүшелерінің назарын қала мен ауыл мектептерінің арасындағы алшақтықты қысқарту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасындағы зорлық-зомбылық пен өз-өзіне қол жұмсау проблемасын шешу жөніндегі міндеттерге аударды. Сонымен қатар білім беру саласындағы басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіру керек екенін айтты. Президент мемлекеттік тілді оқытудың тиімділігін барынша арттыруға шақырып, бұл мәселеде Европа елдерінің тәжірибесіне назар аудару қажеттігін айтты.

– Олар тіл үйрету барысында, негізінен, оқу орындарындағы жастарға көбірек мән береді. Сондықтан Тіл комитетін екі мың жиырма бірінші жылдан бастап Білім және ғылым министрлігінің қарамағына өткізген жөн. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесін әзірлеу және оны үйрету ісіне қатысты әлеуетімізді бір орталыққа шоғырландыруға мүмкіндік береді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде ғылымды дамытуға баса мән берді.

– Жалпы ғылымға бөлінетін қаржыны жоспарлы түрде көбейтеміз. 2025 жылға қарай оны жалпы ішкі өнімнің 1 пайызына дейін жеткіземіз. Осы ретте біз ешкім оқымайтын, қажетсіз жұмыстар мен зерттеулерді қаржыландыруға жол бермейміз. Әрбір ғылыми жұмысқа қатаң талап қойылуға тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысы коронавирус пандемиясының бүкіл әлемдегі денсаулық сақтау жүйесі үшін, шын мәнінде, ауыр сынақ болғанын атап өтіп, бұл ахуалдың Қазақстанда кәсіби дәрігерлердің тапшы екенін анық аңғартқанын жеткізді. Сондай-ақ бұған еңбекақының аздығы, мамандықтың беделді болмауы, дәрігерлер құқының қорғалмауы себеп болып отырғанын айтты.

Сонымен қатар Президент медицина инфрақұрылымын дамытуға байланысты бірқатар мәселені шешуді тапсырды.

– Биологиялық қауіп-қатерлерді ескере отырып, Үкімет белгілі бір бағыттар бойынша денсаулық сақтау жүйесіндегі рұқсат етілген артықшылық мәселесін қарастырып, оның қиын-қыстау жағдайларға дайын болуына қолдау көрсетуі қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Отырыс барысында Президент Үкіметке ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау ісінің тиімді үлгісін жасау шараларының орындалуын, санитарлық-эпидемиологиялық қызметті күшейтуді және институционалдандыруды қатаң бақылауға алуды, сондай-ақ, елімізді дәрі-дәрмектермен және медициналық жабдықтармен қамтамасыз ету мәселесін шешуді тапсырды.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ОРНАЛАСУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Азаматтардың мемлекеттік қызметке орналасу үдерісін жеңілдету үшін және конкурстарды барынша ашық өткізу үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен «Мемлекеттік қызметке орналасу ережелеріне» бірқатар өзгерістер енгізілді.

**Біріншіден,** қолданыстағы ережелер бойынша үміткерлер байқауларға қажеттілік бойынша үйден шықпай-ақ қатыса алады. Ол үшін құжаттарды электрондық пошта арқылы тапсыруға мүмкіндік берілді, яғни бұрын талап етілгендей, мемлекеттік органға құжаттардың қағаз нұсқаларын әкелу қажеттілігі жойылды.

Сонымен қатар, әңгімелесуден өту үшін кандидаттың мемлекеттік органға келуі қажет емес. Осылайша, түзетулерге сәйкес, әңгімелесу қашықтықтан бейне байланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін.

**Екіншіден,** бұрын мемлекеттік қызметке орналасу бойынша конкурсқа қатысу үшін үміткерлер конкурс қорытындысына қарамастан толық құжаттар тізімін дайындау қажет болатын.

Енді конкурсқа қатысу үшін үміткерлер өз өтінішіне тек екі құжатты: дипломның көшірмесін және қызметтік тізімнің көшірмесін қоса ұсынады.



Қалған талап етілетін құжаттарды конкурстық комиссияның оң шешімін алған кандидат қана тапсырады.

**Үшіншіден,** Агенттік конкурстық рәсімдердің ашықтығын одан әрі арттыруға бағытталған түзетулер қабылдады.

Осылайша, соңғы түзетулерге сәйкес, конкурсқа қатыса алатын әлеуетті бақылаушылар қатары барынша кеңейтілді. Бұған дейін бақылаушылар тобына депутаттар, БАҚ, қоғамдық бірлестіктердің, саяси партиялардың өкілдері, Агенттік және өзге де мемлекеттік органдардың қызметкерлері кірді.

Енді әрбір кәмелет жасқа толған әрекетке қабілетті азамат бақылаушы бола алады. Бұл үміткерлерге конкурстық комиссияның хатшысын алдын ала хабардар ете отырып, өзінің байқаушысын әңгімелесуге шақыруға мүмкіндік береді.

**Төртіншіден,** бұрын Комиссия шешімі дауыс беру жолымен қабылданатын. Мәселен, комиссияның кейбір мүшелері конкурстық комиссия мүшелерінің бағалауы бойынша басқа кандидаттардан аз балл жинаған кандидатқа дауыс бере алатын.

Соңғы түзетулерге сәйкес, комиссия мүшелері дауыс беру арқылы лауазымға кандидатты таңдамайды. Конкурстық комиссияның шешімі бойынша бос лауазымға ең көп балл жинаған кандидат ие бола алады. Бұл ретте, ұпайлар үміткердің жауаптарының дұрыстығы мен толықтығын, оның эссесінің бағасын, оның тәжірибесін, білімі мен коммуникативтік дағдыларын, лауазымның ерекшелігіне байланысты қойылатын критерийлерді ескере отырып қойылады.

**Бесіншіден,** әңгімелесу конкурс жеңімпазын таңдау кезінде жалғыз өлшем болып табылмайды.

Сонымен, конкурсқа дейін үміткерлер мемлекеттік тілді және заңнаманы білуге тестілеуден, сондай-ақ, жеке қасиеттерін бағалаудан өтеді. Ал «Б» корпусының басшы лауазымына кандидаттар (басқарма басшысы лауазымынан және одан жоғары) бұдан бөлек эссе тапсырады.

Сондай-ақ, конкурстық комиссияның мүшелеріне лауазымның ерекшелігіне байланысты тиісті жұмыс дағдылары мен құзыреттілігі бар ең үздік кандидатты таңдау үшін қосымша іріктеу құралдарын қолдану құқығы берілген. Мысалы, конкурстық комиссия үміткерлерден тиісті саладағы проблемалар мен оларды шешу мүмкіндіктері бойынша презентация жасауды, кейстік немесе практикалық тапсырмаларды шешуді және т.б. сұрай алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға барлық конкурстар қатаң түрде көрсетілген талаптарға сәйкес өтуі тиіс. Аталған өзгертулер біздің азаматтарымыз үшін мемлекеттік қызметке орналасу рәсімін жеңілдететінін, сондай-ақ іріктеу тетіктерінің транспаренттілігін арттыратынын атап өтемін.

**Анар ЖАИЛҒАНОВА,**
**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы**

4 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ

# ЕЛДІК пен ЕГЕМЕНДІК НЫШАНЫ

**«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заң 2007 жылы 4 маусымда қабылданды. Осы Заңға сәйкес жыл сайын 4 маусым Қазақстан Республикасында Мемлекеттік рәміздер күні ретінде мерекеленеді.**

23 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері ел астанасының ауысуына байланысты Ақмолаға жеткізілді.

1997 жылдың 8 қарашасында Ақмола орталық алаңында Республикалық ұланның қолбасшысы Сәт Тоқпақбаев Алматыдан арнайы рейспен жеткізілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік билік рәміздерінің жаңа Елордаға келуіне арналған салтанатты митинг және шеру өтті. Салтанатты шеруді Премьер-Министрмен және республика үкіметінің мүшелерімен бірге Ақмолаға келген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қабылдады.

Митингте мемлекет басшысы бүкіл республика үшін де, Ақмола үшін де болып жатқан оқиғалардың маңыздылығын атап өтті. Ол атап өткендей, бұл қала тарихтың әр түрлі кезеңдерінде маңызды рөл атқарған болатын, әсіресе тың игеру жылдарында бүкіл өңір үшін үлкен тәжірибе жинаған. Қазақстан мемлекеттілігінің нығаюына және жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформаларға байланысты бірқатар бүгінгі шындығы мен перспективаларына байланысты барлық назар Ақмолаға аударылып, оның жаңа мәртебесін айқындады.




Осы күннен бастап Ақмола, ал қазір Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік рәміздердің эталондық даналарын – Ту мен Елтаңбаны, сондай-ақ президенттік штандартты сақтаушы болды.

Мемлекеттік рәміздерге құрмет бірқатар маңызды конституциялық нормаларға жатады.«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының азаматтары, оның аумағындағы адамдар сияқты, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын құрметтеуге міндетті деп жазылған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, азаматтылық пен патриотизмге, өз Отанын сүюге тәрбиелеу мақсатында — Жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында олардың мәні мен маңызын түсінуді тұрақты түрде арнайы бөлінген көрнекті орында Мемлекеттік Ту белгіленеді, Мемлекеттік Елтаңба, не олардың бейнелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнінің мемлекеттік тілдегі мәтіні орналастырылады.

Біздің еліміздің мемлекеттік рәміздерін құрметтей отырып, әрбір қазақстандық өз Отанына деген патриоттық сезімін танытады, оның жетістіктері мен мәдениетін мақтан тұтады, халқымыздың сипаты мен мәдени ерекшеліктерін сақтайды.

**Гүлмира НАЗАРБЕКОВА,**
**Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бас маманы**

БӘРЕКЕЛДІ!

# МИНИСТРДЕН МАРАПАТ АЛДЫ



**Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжановпен бірге Ұлытау аймағындағы тарихи-мәдени орындарға сапар жасаған еліміздің Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова қаламыздағы С. Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрына да бас сұқты.**

– Жезқазған өңірі өнердің мекені кені көпке белгілі. Бұл қаладағы театр мен филармония республика көлемінде әрдайым кәсібилік үлгісін танытып келеді. Міне, бүгін уақыт тапшылығына қарамастан осынау киелі өнер ордасына келіп, сіздермен қауышу мүмкіндігі туғанына өте қуаныштымын. Біртуар дарын иесі, шебер режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанат Хаджиевтің есімімен қатар аталар Жезқазған театрының мерейі әрдайым үстем болып қалары сөзсіз. Осы биік тұғырларыңыздан айрылмаңыздар. Өзім де сазгер болғандықтан болар, өнер адамдарына қолдау көрсеткенді жаным сүйеді. Олардың еңбектері елеусіз қалмаса екен деймін. Алдағы уақыттарда осынау қарашаңыраққа тағы да оралып, үздік қойылымдардың көрермені боламын деп ойлаймын, – деген Ақтоты Рахметоллақызы барша мәдениет және өнер қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтап, еңбектеріне толайым табыстар тіледі.

Кездесу барысында министр С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған музыкалық-драма театрының режиссері Мируана Жанботаеваға «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін, Жезқазған тарихи-археологиялық музейі көрме залы тарих және археология бөлімінің ғылыми қызметкері Қабдол Әуезовке Құрмет грамотасын табыс етті.

Қарағанды облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Еркебұлан Жұмакенов те бір топ жезқазғандық өнерпазға облыс әкімі тағайындаған арнайы номинацияларын табыстады.

Биыл 15-ші рет тапсырылған марапат 21 номинация бойынша тағайындалып, салтанатты жиында емес, әр номинация иегеріне жеке табыс етілді. Облыс әкімі сыйлығының «Үздік эпизодтық рөл» номинациясын С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әртісі Құрман Бекмурзаұлы Игибаев, «Жылдың театр режиссері» номинациясын аталған театр режиссері Мируана Досжанқызы Жанботаева, «Көркемөнерпаздар ұжымының үздік жетекшісі» номинациясын Жезқазған қаласы Халықтар мәдениеті мен достығы үйі «Диндалле» корей халық ансамблінің көркемдік жетекшісі Валентина Владимировна Ким, «Алтын жол» номинациясын ақын, сценарист, драматург, ҚР Жазушылар одағының мүшесі Ғазиз Елеусізбайұлы Ештанаев иеленді.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

# ТЕРЕКТІДЕ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

**«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша Жезқазған қаласында биыл қолға алынатын ең ірі жобалардың бірі – Теректі стансасында 80 оқушыға шақталған мектеп құрылысы. Жобаға тапсырыс беруші – «Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі» ММ.**

– Қалалық бюджет қаражаты есебінен Жезқазған қаласының Кеңгір ауылдық округіне қарасты Теректі стансасының 80 орындық мектеп құрылысының жобалық-сметалық құжаттары жасалды. Дизайнер – «Астана-Проект» ЖШС. 20.05.2020 жылы ведомстволық емес сараптаманың оң қорытындысы алынды, - деген қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағанбетова жаңа мектептің жалпы сметалық құны 892,1 млн теңге екенін айтады.

Мектептің құрылысы екі жылға жоспарланып отыр. Биыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша бастапқы құрылысқа 500,0 млн теңге қарастырылған. Қазіргі таңда жобаны жүзеге асыратын мердігерді анықтау бойынша конкурс жарияланған. Оның қорытындысы 3 маусымда белгілі болады. Құрылысқа жергілікті жұмыссыздар санатынан 63 жұмыскер жұмылдырылады.

Жобалық құжатқа сай білім ошағы екі қабаттан тұрады. Бірінші қабатта вестибюль, гардероб, ем-шар бөлмесі бар медициналық кабинет пен күзет бөлмесі, қабылдау, директор мен оның оқу, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының кабинеттері және технология сабағының кабинеттері орналасады. Ұлдарға арналған технология кабинеттерінде сыртқа шығатын бөлек есік қарастырылған.

Сонымен бірге әр кабинетте мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған ыңғайлы орындар да болады. Ал, екінші қабатта химия, биология, физика, информатика, алғашқы әскери дайындық пәндерінің кабинеттері мен мультимедиалық сынып, мұғалімдердің әдістемелік кабинеті, сондай-ақ, логопед пен психологтың кабинеті мен бухгалтерия орналасады. Мектептің ауласы абаттандырылып, жасыл желектендіріледі. Бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын алаңқайымен бірге жекелеген футбол, волейбол мен баскетбол алаңдары салынады. 72 орынға арналған асхана, әншілік мен актерлік шеберлікке баулитын үйірме сыныптары да мектеп жобасында бар.



Жаңа мектеп 2021-2022 оқу жылында теректілік оқушыларға есігін айқара ашады деп жоспарлануда.

**Өз тілшіміз**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ЕЛ ДАМУЫНЫҢ АЙҚЫН БАҒДАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте.)

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Бүгінгі таңда көпбалалы, аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек берілуде. Тұрмысы төмен халықтың нәпақасын айырып, күнкөріс деңгейін көтеруге жасалған керемет мүмкіндік деуге болады. Мемлекет тарапынан көрсетілген көмекті игі іске жаратып, кәсібін ашқан адамдар да бар.

Сонымен бірге, білім сапасы мен оқулықтағы олқылықтарға көңіл бөлген мемлекет басшысы мұғалімдердің жалақысы өсетіндігін де жеткізген еді. Өйткені білім – барлық саланың бастауы. Әлеуметтік саладағы басты мақсаттың бірі – білім беру сапасын жақсарту. Сонымен қатар мамандар даярлаудың отандық жүйесін қалыптастырып, оның нақты еңбек нарығымен байланысын күшейту болып табылады. Осы жолда «Дипломмен ауылға» бағдарламасының маңызы артып, ауылдық жерлердегі маманның тапшылығы жойылмақ. Мұның бәрі ең алдымен ел болашағы үшін атқарылып жатқан игі бастамалар екені даусыз. Ал Жолдау – осы бастамалардың негізгі кілті, қозғаушы күші.

Түйіндей келе, елдің әл-ауқатын арттыру мен тұрмыс сапасын жақсартуға арналған әлеуеті зор Жолдауда айтылған мәселелерді жүзеге асыруға ел болып кіріскен жөн. Себебі Президент айтқандай, әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс.

Қазіргі таңда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының алдына бағдарлы мақсаттары мен негізгі міндеттер бекітіліп берілген. Сондықтан ел мүддесі үшін атқарылатын бұл мақсатты міндеттерді іске асыруға басқарма қызметкерлері мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету сапасын жақсартуды жылдан-жылға арттыруда.

**Роза ШЕРТАЕВА,**
**Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары**

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

# АБАТТАНДЫРУ ҚАРҚЫН АЛДЫ

**«Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында Жезқазған қаласында абаттандыру жұмыстары да қолға алынды. Атап айтсақ, мемлекеттік бағдарлама шеңберінде тұрғын үйлердің аулаларымен қатар жезқазғандықтардың сүйікті демалыс орындарындағы субұрқақтар және «Қазақстан» композициясының аумағын абаттандыру жоспарланып отыр.**




Ғарышкерлер көшесіндегі 19 және 21а мекенжайындағы үйлердің айналасын абаттандыруға мердігер «Smart Invest Group» ЖШС-нің алты жұмыскері жұмылдырылған.

Айта кету керек, елдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуді көздейтін мемлекеттік бағдарламаның басты талабы аймақтарда екі қолға бір күрек таппай жүрген тұрғындарды жұмысқа орналастыру. Сондықтан, жұмысқа тартылғандардың қатарында жұмыспен қамту орталықтарында жұмыссыз ретінде тіркелген 3 азамат бар. Олар ауланы асфальттап, бейнебақылау камераларын орнатады, балалардың ойын алаңқайын салып, үй айналасын жаңа кейіпке енгізбек. Жобаны жүзеге асыруға 19342936,48 теңге бөлініп отыр.

Ал, осыдан екі жыл бұрын орнатылған «Қазақстан» жазуының маңайын әсемдеуге 22864598,400 теңге қарастырылып, бұл жұмыстарды орындауға «Адал Еңбек KZ» ЖШС міндетті. Мердігердің 10 жұмыскері композицияның айналасына тастөсеме төсеп, ойын элементтерін орнатады.

Мемлекеттік сатып алулардың қорытындысы бойынша Талап селосындағы саябақты «Адал Еңбек KZ» ЖШС қоршайды. Келісім-шарт бойынша қоршауға 8664076,96 теңге жұмсалмақ. Ал, «Наурыз», «Ғарышкерлер» бульвары мен Алғашқы құрылысшылар алаңындағы субұрқақтарды жөндеу мен ұстауға 37999999 теңге қарастырылды. 15 жұмыскер субұрқақтардың сыртын жаңалап, сорғыш қондырғыларын ауыстырып, жарықтандырады.

**Өз тілшіміз**

# ЖАРҚЫРАЙДЫ ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ ШАМДАРЫ



**Биыл Жезқазған көшелерін жарықтандыруға ерекше көңіл бөлінуде. «Жұмыспен қамтудың жол картасы– 2020» бағдарламасы шеңберінде бұл жұмыстарға қомақты қаржы да қарастырылған.**

Көшелерге жарық шам-дарын орнату жұмыстары мысты қаланың шырайын келтіріп қана қоймай, тұрғындардың қауіпсіздігін де арттыра түсетіні анық. Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаевтың айтуынша, бүгінде жоспарланған жұмыстар бойынша мемлекеттік сатып алу конкурстары аяқталған.

– «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында биыл Жезқазғанда бірқатар жобалар жүзеге асырылмақ. Аталмыш жобалардың дені, нақтырақ айтсақ 28-і қаланың коммуналдық шаруашылығына тиесілі. Ал, оның тең жартысы қаланы энергиямен тиімді жарықтандырумен қамтамасыз етуді көздейді, – дейді ол.

Мемлекеттік сатып алулар шарты бойынша №1 шағын аудандағы 27-үйдің ауласын жарықтандыру жұмыстарын «Құрылыс» ЖК жүзеге асырады. 89 баған мен 89 шам орнатуды жоспарлаған мердігердің қарамағында 8 жұмыскер еңбек етуде. Олардың төртеуі – жергілікті жұмыссыз тұрғындардың қатарынан қабылданғандар. Бұл жобаға жұмсалатын қаржы – 28 885 248 теңге.

Қарағанды-Жезқазған бағытындағы тас жолды жарықтандыруға 55 399 680 теңге бөлініп, «Горэлектросеть» ЖШС жұмыскерлері 90 баған мен шам орнатуды маусым айынан бастағалы отыр. Жалпы, «Горэлектросеть» ЖШС біраз жобаларды іске асыруға міндетті екен. Атап айтқанда, мердігер №№2, 4,5,6 шағын аудандарды, Алаш алаңы мен 91-орамнан Сәтбаев қаласына барар тас жолды, Пристанционный елді-мекені мен Кеңгір селосын, Теректі стансасын жарықтандырады. Осы ретте ауылдық елді-мекендерге басымдық берілгені де көңіл көншітеді. Кәсіпорын Кеңгір ауылында 58 шамды жаңартып, тағы 18 қосымша баған мен шам орнатады.

Сонымен бірге, «Атакент» ЖШС Кеңгір мен Талапқа 54 шам орнатады. Қала көшелері де назардан тыс қалмады. Бүгіннің өзінде Гагарин, Тимирязев пен Есенберлин көшелеріне 13 баған мен 34 шам орнатылды. Сондай-ақ, «Вагайцев» ЖК «Ғарышкерлер» бульварына 2 баған мен 8 шам, «Байқоңыр» қонақүйі бағытындағы тас жолдың 13 жарықдиодтық шамын ауыстырды.

**Бота ШАЛҚАР**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# ҚЫЗМЕТШІНІҢ ҚЫЛМЫСЫ ҮШІН БАСШЫСЫ ЖАУАПТЫ БОЛАДЫ

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың бағынышты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа жол бергені үшін басшыларының жауапкершілікте болу институтын енгізудің маңыздылығын атап өтуіне байланысты, 2019 жылдың 26 қарашасында мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын.**

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Атап айтқанда, қарамағындағы тікелей бағынышты қызметшілері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған жағдайда саяси қызметшілердің отставкаға кету институты енгізілсе, өзге мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және квазимемлекеттік секторының бірінші басшылары тәртіптік жауапкершілікте болу шарттары айқындалған.

Бұл талаптар еліміздегі сыбайлас жемқорлық жағдайын түбегейлі өзгертуге бағытталғандығын атап өту керек. Яғни, басшылар қарамағындағы қызметшілермен бұзушылықтарға жол бермеуге мүдделі болады. Бұл, өз кезегінде, тек оң әсерін тигізуі қажет.

Бүгінгі күні қызметшілердің жауапкершілікте болу шарттарының алгоритміне сәйкес барлық қала және аудан әкімі аппараттарында мониторинг жүргізетін жауапты тұлғалар анықталып, бекітілді.

Аталған тұлғаларға өздері жұмыс істейтін мемлекеттік органында, оған бағынышты мемлекеттік органдарында, мемлекеттік мекемелерде және квазимемлекеттік секторларында жоғарыда аталған талаптардың орындалысына мониторинг жүргізу және бекітілген нысанда ақпарат ұсыну міндеті жүктеліп, тапсырылды.

Өз кезегінде, аталған бағытта жұмыстарды үйлестіру Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және оның аумақтық бөлімшелеріне жүктелген, ол үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу органымен арнайы ақпараттық жүйеге кіруге мүмкіндік берілді.

Сонымен қатар, аталған мәселе Қарағанды облысы әкімінің төрағалығымен өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы өңірлік комиссияның отырысында қарастырылып, оның қорытындысы бойынша қала және аудан әкімдеріне, мемлекеттік органдардың басшыларына тиісті жұмыстар жүргізу туралы тапсырмалар берілген болатын.

Заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың заңды күшіне енгеннен бері бүгінгі күнге дейін Қарағанды облысы бойынша соттың үкімімен 6 тұлға сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке тартылғандығы анықталды.

Алайда, барлық қылмыстар заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін жасалғандықтан,бірінші басшыларға жазалау шаралары қолданылған жоқ.

Өз кезегінде, Департамент тарапынан аталған бағытта жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

**Б. МАКЕЕВ,**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы**

# АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410 – V санды **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»** Заңы (әрі қарай Заң) ең пәрменді заңдардың бірі болып табылады. Бірнеше жылдар ішінде аталған Заң жоғары маңызға ие болып, мемлекеттік қызметшінің күнделікті пайдаланатын оқуқұралына айналып отыр. Заңның ең басты құндылығы, ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіптен сақтауға, сондай-ақ, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, тыю және ашу жолында мемлекеттік органдардың қызметін қамтамасыз етуге бағытталған. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз құзыреттері шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, қоғамның мемлекеттік органдар қызметіне сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдастырушылық шаралар және осы Заңға сәйкес өзге де шаралар;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – осы Заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі;

Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғаларға қатысты қолданылады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде осы Заң Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық пен жаза – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының нормаларын Жезқазған қаласы бойынша «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің заң бұзу фактілерін хабарлау үшін

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 73-32-72, мекен жайы Жезқазған қаласы, Бейбітшілік даңғылы 26-үй, 32-кабинет.**

**Абзал АХМЕТБЕКОВ,**
**«ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің басшысы**

# ЖЕТІСТІКТЕРДІ ЖОҚҚА ШЫҒАРАДЫ

**Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі болып осы зұлымдықпен күресу болып табылады.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу дегеніміз – бұл мемлекетте тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті шарты деп айтқан екен кезінде Арестотель ғұлама. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс болмақ», – деген екен ежелгі ойшыл ғалым.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу болып табылады. Осы заңмен мемлекеттік міндетті атқаратын және де оларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін, мүмкіндіктерін пайдалана отырып, пайда табу сыбайлас жемқорлық деп анықталған. Мемлекеттік тиісті органдар сыбайлас жемқорлықпен күресті жүйелі түрде жалғастырып, пәрменді шаралар көріп отырғаны баршаға белгілі. Оның айтарлықтай нәтижесі де бар. Олар туралы бұқаралық баспасөз бетінде, теледидар және радио арқылы қоғам мүшелеріне жеткізіліп жүр.

Әлемнің көптеген елдері секілді біздің мемлекетіміз де сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның тамырына балта шабуға бағытталған мақсатты жұмыстар жүргізіп келеді. Қазақстан бұрынғы кеңес Одағы аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заң қабылдап, осы мәселе жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған алғашқы мемлекеттердің бірі болды.

Экономикалық және қоғамдық негіздерін жаңғырту, түбегейлі өзгертулер тұсында сыбайлас жемқорлық қашан да қоғамға қауіп төндіретіндей дәрежеге көтеріледі. Мұндай кезеңдерде жемқорлықтың шабуылын жеңілдететін мәселелер – экономиканың құлдырауы, азаматтық қоғамның билікке тәуелділігі, мемлекет институтының тиімсіздігі, заңнамалардың пәрменсіздігі тереңдей түседі. Сөйтіп, сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабуға кірісу алдында оны туғызатын әлеуметтік-экономикалық жағдайларды барынша азайту қажет. Жемқорлыққа қарсы әрекет етудің оның көріністерімен күрес жүргізумен аяқталмайтынын ұғыну аса маңызды. Мұндай күрес қашан да қоғам мен мемлекет өмірінің барлық жақтарын реттеп отырумен тығыз байланысты.

Бұл бағытта күресті қолайлы саяси орта түзеуден бастау тиімді болмақ, ал ол қоғам оппозицияның, нақты сөз бостандығы мен биліктің кіршіксіз болуын көздейді. Мұнда ескертетін тағы бір маңызды жай: мемлекет пен кейбір шенеуніктердің атқаратын қызметін заң жүзінде нақты айқындау, қабылданатын шешімдер кейбір адамдардың еркіне тәуелді болатын салаларды азайту. Басқаша айтқанда, заңнамалардың анықтығы, қарапайымдығы мен тұрақтылығы қажет, азаматтық қоғамды қалыптастыру үшін жағдайлар туғызу, халықтың білім деңгейін, оның ішінде құқықтық сауаттылығын арттыру керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары әлеуметтік тұрғыдан пайда болғандықтан, оны болдырмау мен алдын алуды барлық мемлекеттік мекемелер қамтамасыз ету қажет.

Кейде біздің кішкентай қаламыз Жезқазғанның өзінде де сыбайлас жемқорлық қылмыстары орын алып жатады. Мәселен, ҚР ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен, 28-бабының 4-бөлігінің, 367-бабының 2-бөлігімен сотталған азаматша М.Ж-нің Жезқазған қалалық сотының 2020 жылдың 2 наурыздағы үкімімен кінәлі деп табылып, 1 жылға бас бостандығынан шектеу жазасы беріліп, өмір бойына мемлекеттік қызмет атқару құқығынан айырылды. Іс Жезқазған қалалық сотының мұрағатына өткізілді.

**Әсел АМАНЖОЛОВА,**
**Жезқазған қалалық сотының кеңсе меңгерушісі**

# КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық мәселесінің өзектілігі жыл өткен сайын артпаса, жойылған емес. Сондықтан, ел дамуын тежейтін қоғамды жайлаған осы індеттің түп тамырына балта шабу әр қазақстандықтың міндетіне айналуы тиіс. Біз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарғанда ғана парақорлықты тоқтата аламыз. Мемлекетіміздің нарықтық экономикасының дамуына ғана емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздікке қатер туғызатын жемқорлық фактілері халықтың мемлекеттік қызметшілерге деген сенімін төмендететіні айтпаса да түсінікті. Осы ретте Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы тарапынан аталған мәселе бақылауға алынып, алдын алу шаралары қолданылуда.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында көрсетілгендей, заңды түрде бекітілген салықтарды, жинақтарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің парызы және міндеті болып табылады. Алайда, салық төлеу – салық төлеушілердің мемлекет алдындағы борышы екендігін аңғармау пара беруге итермелейтін факторлардың бірі болып қала береді. Сондықтан, салық төлеушілер өз құқықтарымен қатар, міндеттерін де толық және уақытылы орындағаны дұрыс.

Салық жүйесі қызметін тиімді ету және салық төлеушілер құқықтарының сақталуы мақсатында Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасындағы салық төлеушілермен тікелей жұмыс жасайтын орталықтарда арнайы жәшіктер қойылған (1, 5 - кабинеттер).

Жоғарыда аталған орталықтарда салық қызметкері тарапынан сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бейнекамералар жұмыс істейді.

Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының холлында шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік орнатылған. Аталған жәшікке мемлекеттік кірістер қызметкерінің заңға қайшы іс-әрекетін әшкерелеу мақсатында салық төлеушілердің жасырын шағымдары салынады.

Жемқорлық – өзін-өзі тудырушы құбылыс. Оның түп тамыры әлеуметтік өмірдің өзімен сабақтасып жатыр. Жемқорлықпен күрес тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар тұтастай қоғамның міндеті. Жемқорлықтың тарауына және туындауына шектеу қоюдың жалпы ұлттық фундаменталды тұрақты негізін қалыптастыру қажет.

Салық төлеушілердің құқықтары сақталуы мақсатында Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында **73-35-14** сенім телефоны жұмыс істейді.

**Қымбат ҚАЗБЕКОВА,**
**Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы**

АРХИВ – 2025

# АБАЙДЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЫ МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІНДЕ




**Тарихқа жүгінсек, Абайдың әлем таныған ұлы ақын, ғұлама ойшыл екені бәрімізге мәлім. Ұлы даланың ұлттық құндылықтарын бойына ерекше дарытқан тұғырлы тұлғаның өмірі мен шығармашылығы негізінен әдебиетшілер мен философтар тарапынан көбірек зерттелді де, Абайдың өркениеттер төрінен алар тарихи орны мен қайраткерлік қызметіне тарихшылар тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбей келгенін айтсақ, мұның өзі тарихшылар қауымына артылар зор міндет деп ойлаймыз.**

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты деректеріне сүйенсек, Абай туралы ең алғашқы мәліметтер сонау 1851 жылдан бастау алады: құнды дерек ретінде Құнанбай Өскенбайұлының формулярлы тізімін атап өткеніміз жөн. Құжаттық деректе аталған жылдары Абай 7 жаста деп жазылған.

Абай әуелі ауыл молдасынан сауат ашып, сосын Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқып білім алғаны көпшілікке белгілі. Шәкірт кезінен халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өте жақсы біліумен қатар кітапқа өте құмар болып, араб-парсы және көне түркі әдебиетінің туындыларын зер салып оқыды. Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптары мен ислам дінінің қағидаларын терең меңгерді. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей, Абаймен білім жарыстырудан молдалардың өздері қашқақтағаны белгілі. Ол шәкірт кезінен-ақ өзінің алғашқы өлеңдерін жаза бастады. Әкесі Құнанбай талапты баласынан болашағынан мол үміт күтіп, Абайды тобықты руының болашақ билеушісі ету мақсатымен оқудан ауылға кері қайтарып алады. Әкесінің төңірегіндегі ел жақсыларымен араласып, өз халқының рухани-мәдени жүйелерімен жете танысады. Халықтың қалың ортасына түсіп, арқалы да азулы билермен, атақты ақындар, сазгер-әншілермен араласуы барысында тағылымы мол қайраткерлік тәжірибе жинайды. Баласы Тұрағұлдың естеліктерінде Абайдың өте мырза болғаны айтылады. Ұлттық ойындарды тәуір меңгергенін жазады, мысалы, дойбы мен тоғызқұмалақты жақсы ойнаған.

Ақынның жастық шағы патша өкіметінің Қазақстанның оңтүстігіне қарай әскери күшпен ентелеп ене бастаған кезімен тұспа-тұс келді. Ол патша өкіметінің сыртқы округтік дуандардағы жағдайының барған сайын нығая түскенін, XIX ғасырдың 60-90 жылдарындағы әкімшілік реформаларының күштеп енгізілгенін өз көзімен көрді. Абай Семей уезіндегі екі болыстың басқарушысы және биі болған кезінде қай істі болса да әділ және адал шешуге талпынды. Абай Құнанбайұлының ұтымды сөзімен, әділ билігімен елге танылып, 18 жыл бойы билік жүйесінде болыс және би қызметтерін жоғары деңгейде атқаруы бұлтартпас тарихи дерек. Елмен тығыз байланыста болған кезде қарапайым халықтың шынайы сый-құрметіне бөленді, бірақ қоғамның күрделі мәселелерін мұндай тәсілмен шешуге болмайтынына бірте-бірте көз жеткізе бастайды. Сондықтан да ол бүкіл жан дүниесімен қазақтың білім мен ғылымды игеруін қолдады және соған үгіттеді.

Билікке араласып, біраз тәжірибе жинақтағаннан кейін ол халық тұрмысындағы көлеңкелі жақтарға сәуле түсіруге күш салды. Айта кетерлік жайт, Абай ой-өрісінің кеңеюіне әсер еткен елдің жақсылары, Ахмет-Риза медресесі мен орыс мектебінде дәріс берген ұстаздары, сонымен қатар шығыс және батыс классиктерінің мұрасын оқып, терең танымы мен сол кездегі саяси көзқарасы қалыптасуына Ресейде саяси қуғын көрген интеллектуалдық элитаның көрнекті қайраткерлері болды. Бұл ретте Е.Михаэлис, С.Гросс, Н.Коншин, Н.Долгополов және тағы басқалардың айтуға болады. Мысалы, Северин Гросс Польшадағы ұлт-азаттық қозғалысқа белсене қатысқаны үшін 1883 жылы Семейге жер аударылған. Осы қалада жүрген кезінде ол антропологиямен, этнографиямен және қазақтың әдет-ғұрып құқықтарын зерттеумен терең айналысқан.

«Адамды тұрар адам қып, ақжүректілік пен адалдық» дегендей, қазақтың ауыр тұрмысы, патша үкіметі шенеуніктерінің озбырлығы, жергілікті болыстардың паракорлығы мен қанағатсыз пайдакүнемдігі ақынды алаңдатпай қоймады.

Абай 1880, 1891 жылдары болған алапат ауыр жұттарды өз көзімен көрді. Сол жылдары оның сан мыңдаған жерлестері ауыр халге душар болған еді. Кейбір тарихи деректерге жүгінетін болсақ, олар қазақ станицалары мен орыс шаруаларының деревняларына жаппай ағылып, болар-болмас тиын-тебенге жалданды, үй қызметшілері, бақташылар болды. Бұл Ұлы дала тұрғындары бұрын көрмеген жағдай еді. Қайыр сұрап, ел кезіп кеткендер де аз болған жоқ. Ащы да болса осындай оқиға орын алды. Осыны біліп отырып Ресей империясы 1881 жылы Семей облысында қазақтарды шоқындыру мақсатында Қырғыз миссиясын құрып үлгереді. Ол мекеменің басқа да қазақ облыстарына ықпалы болды. Бірақ Құнанбай, Абай, Шәкәрім, Науан хазреттердің арқасында ондай арам саясат жүзеге аспады.

Абай қазақтың мал өсірумен қоса сауда жасауды, белгілі бір кәсіп түрімен шұғылдануды үйрену қажеттігіне баса назар аударды. Осы бағытта басқа қазақтарға жақсы үлгі көрсете білді: 1903 жылы Семей облысының әскери губернаторы Галкиннің мәліметінше, Абайдың өзінде 1000 жылқы, 2000 қой болған. Бұл мұрағаттық деректің өзі қазіргі ауыл жағдайында кіші бизнесті дамытуға үлкен үлгі емес пе!?

Бұл ретте ақын Орта Азия тұрғындарының кәсіпшілік түрлеріне үлкен ілтипатпен қызыға қарады. Қоғамды прогресшіл түрде дамыту жолдарын үнемі іздестіріп отырды. Абай ел басқаруға халық үшін қызмет ететін, адал адамдар сайлануы тиіс деп есептеді. Ол өз төңірегіндегі адамдардың, жақындары мен шәкірттерінің бойындағы өз халқына риясыз адалдықты, көпшілік мүдделерін қорғау қасиеттерін қолдап отырды.

Ұлы ақын жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке, ғылым-білімді үйренуге шақырды. Абай өз заманындағы жас ұрпаққа, «көкірегі сезімді, көңілі ойлы» адамдарға үміт артып, олардың жүрегін оятып, өзінің озат мақсат-мұраттарына тартуға ұмтылды. Жалпы, ақынның барлық шығармашылық жолының негізгі идеялық-тақырыптық желісінің бірі – жастардың ерінбей еңбек етіп, ғылым мен білімге ұмтылуы, алға қойған мақсатқа жетуде табандылық көрсетуі сынды асыл қасиеттерді уағыздау болды.

Абай құрдымға кете бастаған болыстық жүйе мен билер сотына да сын көзімен қарады. Бұрынғы істі әділ шешкен билерді еске түсіріп, Ресей империясы бекіткен болыс пен билерге наразылығын жиырма екінші қара сөзінде: «Болыс пен биді құрметтейін десең, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ» деп ашық білдірген.

Қазақ қашан мықтыларының аяғын шалуды қояр екен?! Мысалы елдің көбі біле бермейді: 1872-1873 жылдары Абай біраз айлар Семейде тергеуде болады. Оған қарсы 12 қылмыстық арыз жазылып, соншама іс қозғалады. 1890 жылғы маусым айында Мұқыр мен Шыңғыс болыстарының жер дауын тоқтатуға барған Абайға жергілікті қазақтардан шабуыл жасалып, ол кісі жарақаттанады. 1897 жылы Жидебайға орыстың жандармы келіп Абайды тінтеді. Осының барлығы мұрағат материалдарында жақсы сақталып қалған.

Ақын әркімді өзінің өткен әр күніне міндетті түрде есеп беріп отыруға, келер ұрпақты парасаттылыққа шақырды. Оның пікірінше, адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет.

Абайдың ел алдында атқарған үлкен бір абыройлы қызметі – оның білгір би ретінде танылуы. 1885 жылы мамырда бұрынғы Семей облысының Шар өзені бойындағы Қарамола деген жерде сол кездегі Семейдің әскери губернаторы Цеклинскийдің басқаруымен өткізілген Семей облысындағы бес уездің жүзден астам би-болыстары мен басқа да игі-жақсылары бас қосқан төтенше съезде төбе би болып сайланған Абайға «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлеу сеніп тапсырылады. Абай бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені айналасы үш-төрт күнде әзірлейді. Жаңа заңды баршасы – болыс, билер мен ұлықтар мақұлдап, ереже астына қолдарын қояды. Бұл қазақтың ежелгі кертартпа әдет-ғұрып заңдарына да, патша өкіметінің отаршылдық саясатқа негізделген заңына да ұқсамайтын өзгеше құжат болды. Оның әсіресе ұрлық, қылмыс пен әйел мәселелеріне арналған баптары ерекше құнды. Осылайша Абай әдет-ғұрып мәселесін заманға лайықтап, халық пайдасына шешті, кем-кетіктің, әсіресе, әйел құқығын жақтады. Ақынның атақ-даңқын осынша көкке көтерген сол қызметі үшін де Абай көзінің тірісінде-ақ «әділ би» атанған. «Ереженің» жазылуы Қарамола съезінің басты тарихи оқиғасы болды да, төбе би сайланған әрі Ережені басқарып жазушы Абай өзін ерекше сезініп, ауылына зор әсерге бөленіп қайтады.

Қарамолада бірнеше дуан елдің бас қосқан төтенше съезіне төбе би болғаны сияқты Абай Жетісу мен Семей облыстарының бас қосқан төтенше Көктұма съезінде де осы екі облыс билерінің үстінен қарайтын төбе би болып сайланған. Мұндай тағдырлы да келелі кеңес кезінде ұлы ақынның білімі мен ой жүйріктігіне, әділ, кемел билігіне талай рет көзі жеткен ел іштей жау болып, дос болып жүрсе де Абайдың төбе би болуына еш уақытта қарсылық көрсетпеген.

«Асқар таудың көлеңкесі алысқа түсер» деген сөз тегін айтылмаса керек. Қайраткер Абайдың келесі бір назар аударарлық қыры – Семей қаласында орналасқан сол кездегі белгілі қоғамдық ұйымдарға мүше болып, туған халқын Ресей жұртына кеңінен таныстыру мақсатынан туған нағыз ұлтжандылық іс-әрекеттері. Кедей балаларына киім, оқу құралдарын сатып әперіп, қамқорлық жасаған, сонымен бірге қаражатының біраз бөлігін Семейдегі Абай тұрақты оқырманы болған қоғамдық кітапхана мен облыстық музейді жабдықтауға жұмсаған. Семей бастауыш білім беру қоғамына ұлы ақын балалары Ақылбай мен Мағауия үшеуі 1893-1894 жылдары мүше болып, жарна төлеп көмектесіп отырған. Ал 1883 жылы саяси жер аударылған зиялылардың бастамасымен ашылған Семей облыстық кітапханасының алғашқы оқырмандарының бірі Абай болған да, ол осы киелі орында орыс және шетел әдебиеті туындыларын оқып қана қоймай, жер аударылғандармен танысып, орыс демократтарымен жақын пікірлескен.

Абай өзінің жақын досы, Ресей империясының демократы Е.П.Михаэлистің бастамасымен 1883 жылы ашылған Семей облыстық тарихи-өлкетану музейінің жұмысына белсене қатысып, қазақ халқының салт-дәстүріне, этнографиясына байланысты тың мағлұматтар айтып, пайдалы ақыл-кеңестер берген, өз тарапынан музей қорына елуден астам ұлттық бұйымдарды тапсырған. Семей облысының экономикасын, тарихы мен халық шаруашылығын, табиғатын зерттеумен айналысқан ғылыми-зерттеу орталығы – Семей облыстық статистикалық комитетінің жұмысына да ұлы ақын ерекше ынтамен қатысқан. 1886 жылы өзін жақсы білетін досы Е.П.Михаэлистің ұсынысымен Абай осы беделді комитеттің толық мүшесі болып сайланады, мәжілістеріне үнемі қатысып, ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады, сол жылдары ғылым академиясының міндеттерін атқарған Императорлық орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне, осы өлкені зерттеген орыс ғалымдарына туған халқының тарихы, этнографиясы, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі туралы құнды кеңестер мен деректер береді.

Жалпы, Абай өз өлеңдері мен қарасөзбен жазылған ғибраттарында қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтарын әдемі ашып көрсетті. Одан ақыл-кеңес сұраған дала тұрғындары ағылып келіп жатты. Атап айтқанда, оған Баянауыл өлкесіндегі белгілі шежіреші, энциклопедист әрі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы келіп тұрды. Абаймен Семейге саяси жер аударылып келгендер де санасатын.

Елбасымыз өзінің «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында дархан қазақ елі туғызған әл-Фараби мен Яссауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген заңғар перзенттер шоғыры туралы айта келіп, осынау ұлы тұлғалардың әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі галереясын жасауды қолға алу қажеттігіне тоқталғаны мәлім. Осы орайда қазір еліміздің түкпір-түкпірінде ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойына арналған ауқымды мәдени-көпшілік және ғылыми шаралар өткізілуде. Осы ретте Абай туып-өскен, өмір сүрген Шыңғыстау өңірінен бастап ұлы ақын аралаған Шығыс Қазақстан мен Батыс Сібірді қамтыған «Ұлы ақын ізімен» атты тарихи-танымдық ғылыми экспедиция ұйымдастырып, соның барысында деректі фильм мен арнайы телевизиялық хабар ұйымдастырса, республикалық газеттерде осы экспедицияның жұмыс барысы туралы топтама мақалалар жарияланса, нұр үстіне нұр болар еді. Бұл игі шараның өзі данышпан ақынның бүкіл шығармашылық келбетін ғана емес, қайраткерлік болмысын да толыққанды ашып беріп, торқалы тойға сүбелі тарту болар еді. Мұрағаттарда Абай туралы әлі зерттелмеген материалдар аз емес. Осыған сүйеніп тарихи монография жазу керек. Оны көптеген шетел тіліне аударып, Абай арқылы қазақты әлемге таныту қажет. Мектептерге жеңіл тілмен жазылған «Біздің Абай» деген кітап жазылып, оны миллиондаған данамен таратса да артық емес.

Қорыта айтқанда, Ұлы Даланың өрен тұлғасы болған Абай Құнанбайұлы – дара құбылыс, ақын-ойдың, парасаттың асқар биігі. Еңбегі біз үшін таусылмас асыл, рухани қазына. Абайдың дәстүрі, мектебі – Ұлы Дала руханиятының жаңарып-жаңғыруына, жас ұрпақтың ой-санасының жетілуіне орасан зор үлес қосары сөзсіз.

**Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ,**
**Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры**

*«Egemen Qazaqstan»*

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

**Бүгінгі күні зиялы қауым өкілдері арасында кеңінен талқыланып жатқан мәселелердің бірі – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру үрдісі. Себебі жазу – белгілі бір әріптердің жиынтығы ғана емес, ұлттың өзіндік болмысын танытатын таңбалар жүйесі, сол ұлттың тарихы, мәдениетінің таңбаланған жәдігері. Әр халықтың рухани, мәдени өсуін, ғылымы мен білімінің, барлық саладағы даму деңгейін көрсететін маңызы зор әлеуметтік-мәдени құбылыс. Жазу арқылы өткен мен бүгінгі және болашақ өміріміз жалғастық табады. Ол – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ететін алтын көпір. Ал, жазудың өзгертілуі сол халықтың қоғамдық өмірінің барлық саласына, рухани әлемі мен мәдени деңгейіне, тіпті, әлеуметтік психологиясына әсер етеді.**



Елбасымыздың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өтті.

Сондай-ақ, 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің кестесін жасап, алдағы екі жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуі керектігін қадап айтты. Шындығына келгенде, латын жазуы бізге таңсық дүние емес. XX ғасырдың 20-жылдары қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерді. Қазақ тілінің табиғатына сай әліпби үлгісін жасап, қолданысқа енгізген болатын. Қазақ тіл білімінің, әліпбиінің негізін салған бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық», – деген болатын.

Бұл – XX ғасырдың басындағы қоғамдағы коммуникациялық үрдістерді зерделеуден туған ой болатын. Қазір адамзат баласы XXI ғасырға аяқ басып отыр. Жазудың маңызы бұрынғыдан бірнеше есе өскен заман. Бүгінгі күні әлемнің 70% елдері латын жазуы арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда . Бұл дегеніміз – білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт, т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады дегенді білдіреді. Демек, әлемдегі елдердің басым бөлігі, соның ішінде туыстас түркі халықтары қолданатын латын әліпбиіне көшу – жаһандану дәуіріндегі рухани жаңғырудың алғашқы да маңызды сатысы болмақ және біздің Отанымыздың әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылу талабының орындалуы жолында маңызды роль атқаратыны сөзсіз.

Латын әліпбиіне көшу – ана тіліміздің жаһандық ғылым мен білімге кірігуін, әлем қазақтарының рухани тұтастығын қамтамасыз ететін бірегей қадам. Осы жолда Елбасы ата-бабамыз армандаған «Мәңгілік Ел» идеясының өзі ұлттық тіліміздің тұғырын бекітіп, рухани жаңғыруға жасалған нақты қадам екенін түсіндіріп берді.Күнделікті өмірге жаңалық енгізуде, әсіресе осындай тарихи маңызы бар іске қолдаушылармен бірге қарсылық білдірушілер де болады. Отанының болашағын ойлайтын әр қазақстандықтың алдында бұл тарихи шешім не береді, қандай қиындықтар болады деген сауал тұруы – табиғи құбылыс. Сондықтан түрлі пікірлер мен ойлар, күмән мен сенім сияқты сезімдер туындайды. Бірақ кертартпа және бөтен пиғылды адамдарға қазақ халқы үшін тарихи сәтті сынауға жол беруге болмайды. Қазақ тілінің жаңа латын графикасын әзірлеуде оны түрлі саладағы ғалымдар, оның ішінде тіл мамандары, сарапшылар, филологтер және бүкіл халық бірлесе талқылап, үлкен еңбек жасады. Оған қоса, жаңа қазақ әліпбиіне көшуге 2025 жылға дейін уақыт берілді, яғни бұл үдеріс кезең-кезеңмен өтеді деп көзделіп отыр. Осы тұрғыда қазақтардың тілдерді меңгеру қабілетін ескерсек, республикада латын әліпбиіне көшу үдерісі анағұрлым жеңіл өтетіні сөзсіз.

Латын графикасына көшудің терең логикасы қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, XXI ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да қажет. Жастардың латын қарпінде өз тілін меңгеруі, оны жаһан жұртшылығына паш етуі дұрыс қадам деп есептеймін. Жаһандану үдерісі қатты қарқын алған бүгінгі таңда ақпарат алмасу, ғылымның түрлі саласы дамыған сайын өзінің ұлттық құндылықтарын жаңа өмірге бейімдеп, бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптастыру, оны өрге сүйрейтін отаншыл ұрпақ тәрбиелеу – қоғамның басты бағдары.

**Жанболат ШОРТАНБАЕВ,**
**Жезқазған қалалық сотының төрағасы**

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

**Эдуард Уади Саид «Ориентализм» деп аталатын зерттеуінде ориентализмнің пайда болуын Еуропаның Орта және Таяу Шығыста ғасырлар бойы үстемдік етуімен байланыстырады.**

# «ОРИЕНТАЛИЗМ»




Батыстың Шығыс әлемін қабылдаудағы біржақты әрі үстірт көзқарасын сынға алып, жан-жақты талдау ұсынады. Кіріспеде автор ориентализмнің бір-бірімен тығыз байланысты ғылыми-академиялық, саяси және әлеуметтік, идеологиялық сипатына тоқталып, оны жасырын және айқын деген екі топқа бөледі.

Бұл кітап гуманитарлық білімге өзгеше ықпал жасап, постколониалдық зерттеулерге негіз салды. Автор еңбегінде бұл тақырыпқа арналған көп зерттеулер Шығыстың шынайы келбетін ашып көрсете алмайтынын, Шығыс әлемі жайлы кез келген ой белгілі бір сүзгіден өтіп барып жарияланатынын айтады. Дәлел ретінде Ұлыбритания, Франция, АҚШ ғалымдарының ориенталистік мәтіндерін мысалға келтіреді.

«Батысқа өзін өзгелерден ерекшелеу үшін оған қарама-қарсы әлем керек болды. Батыс ол үшін Шығысты пайдаланды, өзіне тиімді түсінікті қалыптастыруға күш салды», – дейді автор.

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН және АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# ҚЫРЫҚ КҮНГЕ СОЗЫЛҒАН ҚАРСЫЛЫҚ

## *Кеңгір көтерілісі туралы не білеміз?*

**1931 жылы құрылған Лагерьлер Бас Басқармасына (ГУЛаг) қарасты «Степлаг» бөлімі Қазақстандағы ғана емес, тұтастай Кеңестер одағындағы ірі өндіріс орталығы саналған Жезқазған қаласында болғаны белгілі. Сол «Степлагтың» тұтқындарының қырық күнге созылған көтерілісіне биыл алпыс алты жыл толып отыр.**

Жезқазған қаласы мен кен-металлургия комбинатының құрылысы 1936 жылы басталды. 1940 жылы Кеңгір өзенінің жағасындағы бұрынғы пионер лагерінің орнына КСРО Ішкі істер министрлігінің аса ірі еңбекпен түзеу лагері орналасты. «Халық жауларына» арналған ерекше лагерьдің басты міндеті – Жезқазған мен комбинатты тез арада салып бітіру еді. Үлкен Жезқазғанның жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан барлық объектілері НКВД-ның қарауына беріліп «Жезқазған еңбекпен түзеу лагері және ГКВД комбинаты» деп, ал, осындағы құрылыс алаңы «НКВД-ның Кеңгір құрылыс ауданы» деп аталды. Өнеркәсіп және құрылыс объектілерінде 7 мыңнан астам тұтқын жұмыс істеді. Бірінші кезекте Кеңгір су қоймасының бөгені мен жылу электр орталығы салынды және ұзындығы 400 шақырымдық Жарық станциясынан Кеңгірге дейінгі теміржол тармағы тартылды. Құрылыс ауқымы кеңейген сайын тұтқындар саны да арта түсті.

1948 жылдан бастап Жезқазған «Степлагтың» орталығына айналды. Оның бөлімшелері Байқоңырда, Қарсақбайда, Жездіде, Қорғасында, Кеңгірде және Жезқазған қаласының өзінде болды. Бұл лагерь неміс концлагерінің принципі бойынша құрылды. Лагерьдің бұрынғы тұтқыны Р. Ахметов: «Біз фашистік концлагерьдегідей тұрдық. Әр тұтқынға шифр-нөмір беріліп, ешқашан аты-жөні айтылмайтын, тек нөмірімен ғана шақырылатын», – деп еске алды.

1948 жылғы мәліметтер бойынша Степлаг тұтқындарының саны 5713 адам болса, 1950 жылы – 27 855 адам, 1952 жылы – 23 089 адам, 1954 жылы – 21090 адам, 1956 жылы – 7603 адам болды. Олардың арасында кеңестік қана емес, Азия мен Европаның азаматтарынан құралған 34 ұлттың өкілі болды. Нақтырақ айтсақ, 9596 украин, 2690 литван, 2661 орыс, 1074 латыш, 878 белорус, 73 эстон, 379 поляк, 359 неміс, 291 қазақ, 208 молдаван, 204 өзбек, 174 еврей, 154 армян, 82 грузин, 127 татар, 124 шешен, 108 әзірбайжан және фин, карел, румын, грек, түрік, иран, ауған, қытай, корей, жапон, монғол сияқты шетелдіктер де болды.



Тұтқындардың тұрмысы адам айтқысыз ауыр, тозақтағыдай төзгісіз болды. Лагерь басшылығы мен қызметкерлері ойына келген оңбағандықтарын жасап, заңсыздықтарға барды. Себепсізден себепсіз тұтқындарға оқ атып жаралау, өлтіру оқиғалары жиі орын ала бастады. Тұтқындар құқығы аяққа тапталды. Сондықтан, 1954 жылдың 16 мамырында үшінші лагерьлік бөлімде көтеріліс бұрқ етті. Ол бүкіл ГУЛаг жүйесін дүр сілкіндірді.

«Степлагтың» алты бөлімінің ішіндегі ең ірісі – 3-ші лагерьлік бөлімде 5597 тұтқын, оның 3180-і еркек, 2273-і әйел болды. 1954 жылдың 16 мамыр күні «Степлагтың» осы үшінші бөлімінде жаппай бағынбаушылық басталды. Оған екі ер мен бір әйел тұтқындар орналасқан лагерьлік пункттер қатысты. Олардың арасын бұзып тұрған кесектен жасалған қабырғаларды көтерілісшілер бұзып, шаруашылық қоймалары тұрған бөлікке де жол ашып, лагерь басшылығы мен қызметші-күзетшілерін ығыстырып шығарды. Лагерь басшылығы тәртіп бұзушыларды өз зоналарына қарай ығыстыру мақсатында автоматшыларды енгізді. Бірақ көтерілісшілер оларға тас, басқа да заттар лақтырып бағынбады. Солдаттар оқ атып 13 тұтқын өліп, 43-і жараланды. Лагерь қызметкерлерінен оншақтысы жеңіл жарақаттанды. Қарағанды облыстық ішкі істер басқармасынан қару қолданбау туралы өкім келді де, лагерь басшылығы көтерілісшілермен келіссөз жүргізуге мәжбүр болды.

Осылайша қырық күнге созылған көтерілісті Мәскеудегі жоғарғы билік басындағылардың тікелей рұқсат етуімен тұрақты армия әскерін, техникаларын әкеліп, қарулы күш қолдана отырып басты. Ақыры танкілер, өрт сөндіру машиналары мен армиялық әскерлер 26 маусым күні таңғы 3 сағат 30 минутта лагерьге басып кірді. Сөйтіп, қанды қырғын салып көтерілісті аяусыз басып жаншыды. Кеңгір өндірістік-жоспарлау бөлімінің мәліметінше, 700-ден астамы өліп, жарақаттанған. Тірі қалған көтерілісшілер қайтадан тұтқындалып, ату жазасынан бастап түрлі жазаларға кесілді.

Осылайша, Жезқазған жерінде болған еңбекпен түзеу лагерьлерінде жазасын өтеп жүрген тұтқындардың одақ көлеміндегі жақсы ұйымдасқан, сауатты талап қоя білген ірі көтеріліс жеңіліске ұшырады. Бірақ ол көтеріліс өкіметті кеңестік жүйедегі тұтқындар мен сотталғандарды ұстау режиміне көптеген өзгерістер, жеңілдіктер жасауға мәжбүр етуге мұрындық болды. Кеңгір өзені жағасындағы «Степлагтың» тұтқындарының үкіметтің түрме жүйесіндегі тәртібіне қарсылығы биліктің байтақ кеңестік территориядағы жүздеген алуан түрлі, ірілі-ұсақты түрмелердегі тұтқындарды ұстау ережелерін қайта қарап, көптеген гумандық шараларға баруына түрткі болған тарихи маңызы зор оқиға болды. Кеңгірдегі осы көтерілістен кейін бүкіл ГУЛаг системасындағы каторгалық, концлагерьлік принциптерге құрылған ерекше лагерьлер жойылды.

Ерекше лагерь деп танылған Степлагтың бүгінде бөлімшелерінің қабырғалары, асхана бөліктері сақталған. Қазіргі таңда осы орында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жүргізілуде. Бейбіт күннің бағасының көрсеткішіне айналған осы оқиғаны болашақ ұрпақ біліп жүруі үшін жылда қала мектептерінің оқушылары мен студенттеріне экскурсия жүргізіледі. Келешекте осы тарихи оқиғаның орны ашық аспан астындағы музейге айналады деген үміттеміз.

**Рабиға ЕГЕШОВА,**
**Жезқазған тарихи-археологиялық музейі экскурсия-бұқаралық бөлімінің басшысы**

---

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

# ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

**Бұлақ көрсе көзін ашып, шәкірті өзінен асып түссе көңілі толып, өз өмірін өзгеге арнағаны үшін шаттанатын шалқар пейіл, өр тұлғалы, өмірде қарапайым да қайратты азаматтар көп. Солардың бірі әрі бірегейі –Қабден Шыңғысов.**



Ұлағатты ұстаз 1930 жылы 4 мамырда Ұлытау ауданының Малшыбай ауылында туған. Көзі тірі болса биыл 90 жасын тойлар еді. Адам баласын талғаусыз сыйлау мен адамгершілікті аянбай жырлайтын қасиетті домбыраның қос ішегіндей үндесе, жараса ғұмыр кешкен бұл аяулы ұстаздың бейнесі осы уақытқа дейін қалың елдің жадында.

Талай ұрпақтың санасында есімі мәңгілікке жазылып қалған абзал ағамыз қасиетті Ұлытау-Жезқазған өңірінің білім беру саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған. Ол елу жылдық жұмыс өтілінде қатардағы мұғалімнен Жезқазған облыстық білім беру бөлімінің меңгерушісіне дейінгі лауазымды қызметтерді атқарды. Осы жолда еңбегі бағаланып, түрлі марапаттарға ие болды. Қабден Шыңғысұлы 1970 жылы «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. 1973 жылы 29 маусымда Жезқазған облыстық оқу бөлімінің бастығы болып тағайындалды. 1979 жылы Еңбек Қызыл Ту орденіне ие болды. 1980 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Құрмет грамотасын алды. 1981 жылы «КСРО-ның оқу ісінің үздігі» белгісіне ие болды. 1986 жылы 4 маусымда өз өтініші бойынша қызметтен босатылып, Жезқазған қаласындағы №5 орта мектебінің директоры болып тағайындалды. 2003 жылы 30 мамырда Қазақстан Республикасы үкіметінің осы жылғы № 427 Қаулысымен Жезқазған қаласындағы № 5 орта мектепке Қабден Шыңғысұлы Шыңғысов есімі берілді.

Басшы ретінде ұжымының ауызбіршілігін басты орынға қойған ол бар ерік-жігерін осынау білім ордасының гүлденуіне, алдыңғы қатардан көрінуіне жұмсады. «Мұғалім өз мүкіндігінше емес, бүгінгі күннің талабына сай жұмыс жасау керек» дейтін Қабден ағаның бойында қатаң талап қоюшылықпен қатар ұжым мүшелеріне деген ағалық, әкелік мейірімі де басым болды. Қолдан жасаған асыра сілтеушілікті жаны сүймейтін, жасандылықтан аулақ болуға тәрбиелейтін. Ал, оның ұлтжандылық қасиеті тіпті бөлек әңгіме.

Қабден Шыңғысовтың алдын көріп, тәрбиесінен тағылым алған талай шәкірт қияға самғады. Олардың қатарында түрлі кәсіп салаларында абыройлы еңбек етіп, басшылық қызметтің тұтқасын ұстаған талай мықты бар.

Қабден атамыз білім саласындағы ширек ғасырлық еңбек жолында қызметкер ретінде де, адам ретінде де, ұстаз ретінде де барша жұрттың тілін таба білген білікті, білімді, әділетті, қайратты да қажырлы, шыдамды да сабырлы жан болғанын аңғару қиын емес. Олай болса, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы, ұстаздардың ұстазы Қабден Шыңғысов өмірі мен еңбек жолынан алар үлгі мол. Оны ұстаз айтқан «Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде атамұраны үйретуге баса назар аударылған жөн. Жақсылықтың дәні ұлттық тәрбиеде», «Жалпыға белгілі мектептің алдындағы басты талап – оқыту, оқыта отырып тәрбиелеу, оқыта жүріп еңбекке баулу», «Мектептегі басты еңбек – сабақ», «Әр баланың жұмыс қабілетіне орай жұмыс тапсырып, оның орындалуына әділ баға бер», «Баланың тілін таба білу – қасиет», «Оқушыны өзіңе тарта білу де үлкен өнер» деген өнегелі ақыл-кеңестерінен аңғаруға болады.

Осылайша, ұстаздық жолындағы көп жылдық тәжірибесінде түйген, саралаған ой-пікірлерін кейінгіге үлгі ету мақсатында тұжырымдап, жүйелеп даналық, нақыл сөз ретінде қалдырып отырған Қабден Шыңғысовты қалайша ұлы адам демеске?!

Әркімнің өз биігі, өз асқары бар. Шыңғысовтың шыңы алыстаған сайын биіктей түседі. Жақындасаңыз, құпия сырлы қойнауының қабат-қабат қыртыстарын аңғарасыз. Осынау ұлы ұстаздың қолтаңбасы қалған білім ошағында қызмет ететінімізді біз де мақтаныш етеміз. Ақиқатында Қабден Шыңғысов ұрпақ тәрбиесінде өшпес із қалдырған айтулы тұлға ретінде туған халқының жадында мәңгі сақталады.

**Бекзат ҚҰЛАНБАЕВА,**
**Қабден Шыңғысов атындағы №5 жалпы орта білім беретін мектеп директоры**

---

# *Рамазан ҚҰРМАНБАЕВ:* «АШАРШЫЛЫҚТЫ ГЕНОЦИД ДЕП БАҒАЛАУ ҚАЖЕТ»

*(Соңы. Басы 1-бетте.)*

Бұнысымен тоқтап қалмай қара жұмысқа жекті. Осынау «Әскери коммунизм» саясатымен азық-түлік салығы енгізіліп, біздің халқымызға да басы артық азық қорын үкіметке өткізу міндеттелді. Осылайша халық төрт түлік малынан түгелдей айрылды, оңтүстіктегі егін шаруашылығымен айналысатын тұрғындар да астық өнімін түгелдей өткізуге мәжбүр болды. Міне, осы тұста қазақ даласындағы аштықтың алғашқы кезеңдері көрініс бере бастаған еді. Оны Алаш арыстарының көсемі Ахмет Байтұрсынұлының 1922 жылы «Қазақ календарына» жазған *«Тәні саудың – жаны сау» атты мақаласындағы «...Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...»* деген сөздерінен оп-оңай ұғынуға болады.

Бұған бір жағынан, шаш ал десе, бас алатын жағымпаз қазақ жандайшаптары да кінәлі. Бұл аз болғандай одан әрі ұжымдастыру басталды. Романовтар әулетін жоюға атсалысқан жауыз Филипп Исаевич Голощекиннің билікке келуімен басталған қазақ тұрмысындағы өзгеріс салдарынан ел іші ырду-дырду күйге енді. Белгіленген межені асыра орындап, билікке жағуды көздеген жандайшаптар ойларына келгенін істеді. Халықты бір жерге жинағанына қоса, оларды барынан айырды. Тоқыма өндірісіне деген желеумен малдың жүнін көп өткізгісі келген билік жандайшаптары қақаған қыс кезінде уақ малды қырқып, нәтижесінде бүкіл елдің күн көріп отырған малын қырып алғандығы тарих беттерінен белгілі жайт. Бір жағынан білместіктің нәтижесі көрінгенімен, мұның өзі аңғал қазақ жұртына әдейі жасалған әрекет қой. Ет өнімін арттыру мақсатында қаншама мал сойылды. О.Исаев, І.Құрамысов, Т.Голюдов, Е.Ерназаров қазақ сахарасында «Кіші Октябрьді» жүзеге асыру ниетімен 700-ге жуық байдың бар малын тартып алды. Кезіндегі мыңғырған малы бар қазақ байлары қайыр тілеп, тентіреп кетті.

Тарихи деректерге сүйенсек, Қазақстанда 1929 жылы 40 000 000-ға жуық мал болған. Осыдан 1933 жылы тек 4 000 000-дай ғана басы қалған. Осы жылдары Қазақстаннан Орталыққа жіберу үшін 2 422 105 центнер ет дайындалған. Шындығында сол қазақтың төрт түлігінің еті жетер жеріне жеткен де жоқ. Қаншама ет босқа сасып қалып жатты. Оның есебі ешкімді де қызықтырмады. Себебі бұның бәрі ойластырылған іс-әрекет еді. Қарсы шыққан қазақ аяусыз жазаланды. Соның бір дәлелі өлкелік партия комитетінің хатшысы Т.Голюдовтің «Ұжымдастыруға қарсы шыққан қазақтарды соттың үкімінсіз атып тастауға рұхсат» деген сөзі болса керек-ті. Міне, осы тұста кез келген сойылған мал мен қапшықтап жиналған астық көлемі жазылып отырған, ал өлім құшқан қазақтар санына ешкім тізім құрмаған. Себебі, бұл мәселе ешкімді де алаңдатпаған. Осындай көзсіз әрекеттің соңы 1931-1933 жылдардағы ашаршылыққа душар етті. Киерге киім, ішерге тамақ таппаған қазақ халқы аштықтан қырыла бастады. Ресей империясында 1897 жылы өткен халық санағының ресми статистикасы бойынша қазақ саны 4 084 139, өзбектер 1 690 000, тәжіктер 350 000 болған. Бұдан тура жүз жыл өткеннен соң өзбектердің саны 25 000 000-ға жуықтап, қазақтар саны 9 000 000-ға әзер жеткен. Ал академик-демограф Ю.Бромлейдің «Этническая демография народов СССР» атты кітабында 1939 жылы қазақ халқының саны 1926 жылмен салыстырғанда, өсу орнына, керісінше, 26 пайызға кемігендігі туралы айтылған. Қазақ халқы 1926 жылғы санға әупірімдеп 1970 жылы ғана әрең жетті. Орыс ғалымы А.Данилов «1932 жылы астықты шетелге шығармаса, Кеңес Одағында 7 000 000 адамның өмірін сақтап қалуға болатын еді» деп жазды.

Перзентін әулетін жалғастырушы ретінде санаған қазақ халқының отбасы бақытын сәби іңгәсімен есептегенін білеміз. Бұл туралы Әлихан Бөкейханов «Қазақ қанша?» атты мақаласында: «... Қазақ өсімі жалпы адам баласының өсімінен артық көрінеді. Қазақта бір жылда екі жүз үш адам қосылып өседі десек, 1914 жылғы қазақтың саны 6 470 000 болған болады» деп, кейіннен «Әлхамдулилла, алты миллионбыз» деп қуанғаны ұзаққа бармағаны тым өкінішті. Ия, қазақ даласында әр 4 жыл сайын жұт қайталанып отыратын болған. Бірақ, қанша жерден мал қырғынға ұшыраса да, адам өлмеген. Бұның жай ашаршылық емес қолдан қазақ халқын жойып жіберу үшін жасалған қастандық екені мені ашындырады.

Шындығында, осынау 1931-1933 жылдардағы аштықтың қиындығына тап болмаған ешқандай қазақ отбасысы болмады. Бұған Міржақып Дулатовтың «Ақжол» газетіне жазған мына мақаласы да дәлел. Аталған мақаладан «Торғай уезінде мал қырылып жатыр. Жазғы салым ашаршылық күтіп отырмыз. Алыстан азық таситын көлік қалған жоқ. Қарқаралы уезінде шаруа күйзелді. Мал өліп жатыр. Жұрт жаяу, аш, жалаңаш… Темір уезінде жұт. Ауру қалың, күнде жаназа… Бөкей ордасының қазақтары томыршық деген шөптің дәнін қағып жеп жатыр… Ырғыз уезінің қазақтары саршұнақ тышқанды жеп жатыр. Күздігүні өлген малдардың өлексесін қар астынан қазып алып жеп жатыр. Өлексе әрі ас болмай, бишаралар қырылып жатыр» деген жолдарды кездестіреміз. Ал Ғабит Мүсірепов жазбаларынан «Ер кісілер ізбен жүріп отырып киіз үйге қарай беттедік. Есікті аштық. Күтпеген жерден қаңырап бос тұрған киіз үйдің ішінен адамның жүрегін шымыр еткізетін жіңішке ысқырық естілді. Бәріміздің денеміз мұздап кетті. Әлде иттің ырылы ма дерсің, әлде мысықтың ызаланып айбын көрсетуіне ұқсас па, бір дыбыс шығады. Жаман шошаланың саңылауынан кішкентай адамға ұқсас бір сұлбе адамдарға тұра ұмтылды. Үсті-басы қанға боялған. Ұзын шаштары қанға бітіп мұз қырау сияқты түйдектелген, қап-қара екі аяғы сидиған, қара қарғаның мүйіз аяқтарына ұқсайды. Екі көзі есі жоқ бейнені танытады, екі беті қанға боялған, ернінен жас қанның ағып тұрған ізі көрінеді» деген естеліктерді оқығанда көңіліңізді өксік кернері ақиқат.

Балаларын «Сыртқа шықпа, шықсаң жеп қояды» деген сөзбен ұстаған қазақтың сол кездегі қасіреті қанша ғасыр өтсе де өшпейтіні, қазақпен бірге жасап, Ұлы Даланы кезе беретіні сөзсіз. Өз балаларын өздері асып жеу, көш соңында іздеусіз қалып кету сынды аса ауыр оқиғалар қазақ зиялыларының жазбаларында көптеп кездеседі. Міне, менің мақсатым – осынау ауыр трагедиялық сұмдық жайтты ұрпағымыз ұмытпаса екен деген ой.

**– Өзіңіз басшылық ететін бірлестік туралы айта өтсеңіз.**

– «Ашаршылық құрбандары» қоғамдық бірлестігі 2014 жылы құрылды. Бұл ұйымды құруға басты себеп – ашаршылық ақиқаты ашылса деген ойдан туды. Бүгінде біздің құрамымызда жазушы Кәмел Жүнісов, тарих ғылымдарының докторлары Талас Омарбеков, Болатбек Нәсенов, кино режиссері Еркін Рақышев, ақын Сара Смағұл, ақын, өнертанушы Құсмілия Нұрқасым, тағы да басқа көпке үлгілі ұлт жанашырлары бар.

Қазақстанда өмір сүріп жатқан қазақтардың барлығы дерлік ашаршылық құрбандарының ұрпақтары. Осыны сөзге тиек ете алғаш рет 2014 жылы 30 сәуірде 2014 жылы бір топ қоғам белсенділері ҚР Парламенті Мәжіліс төрағасының орынбасары Дариға Назарбаева мен ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовке хат жолдадық. Хатта «...31 мамырда атап өтілетін «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» күнін, жазықсыз жапа шегіп жоқтаусыз кеткен – ашаршылық, қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым ететін «Қасірет күні» деп белгілеуді ұсынамыз. Осы күні мемлекетімізде көңіл көтеретін ойын-сауықтар тоқтатылып, туымыз төмен түсіріліп, барлық жерде қаралы музыка ойналып, бүкіл халық аза тұтып, құрбандарға арнап ас беріліп, рухтарына бағышталып Құран оқылып, тағы да басқа игілікті іс-шаралар өткізілуі тиіс. «Өлігін құрметтесе, бабасын қастерлесе, халықтың қасиеті бұрынғы қалпына түседі» деп Ұлы Конфуций айтқандай, ұлтымыздың рухын көтеруге талпыныс жасаған осы қадамымыз Сіздердің тараптарыңыздан қолдау табатынына сенеміз» делінген. Бұл хатымызға ҚР Мәдениет вице-министрлері А.Бөрібаев пен Ж.Омаровтан «Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» ҚР Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтарындағы №327 Жарлығымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп бекітілгенін мәлімдейміз» деген ресми жауап алдық. Бұдан кейін де билік басындағыларға бірнеше мәрте хат жолданды. Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа да үндеу жариялап, бейнематериал түріндегі қаратпа хатымызды арнадық. Ұлттық сенім кеңесіне де хат жолданды. Бұл хатқа әрең дегенде электронды форматта жауап алдық. Мәселе әлі де қаралу үстінде. Нақты шешім қабылданбады. Біздің ұлтымыз әлі де тарихты мойындаудан тайсақтайды.

Тәуелсіздік рухани тұрғыдан да жүзеге асуы керек. Мәселені дұрыс түсіну қажет. Бұл жерде қазақ жеріндегі аштық салдарына орыс ұлты, я басқа халықтар кінәланып отырған жоқ. Бұл – сол кездегі Кеңес билігіндегі басшылардың солақай саясатының әсерінен орын алған қателік. Қателік те емес, арнайы жасалған саясат. Соған қарамастан бұған әлі саяси тұрғыдан нақты баға берілмеді Меніңше, бұны республикалық деңгейде геноцид деп тапсақ, Ресей тарапы да мойындайтыны анық.

**– Сценариін өзіңіз жазған «Ашаршылық» деректі фильмі туралы да айта отырсаңыз.**

– Бұл деректі фильмді түсіруге «Қазақфильм» киностудиясы тапсырыс берді. Осылайша мен сценарийін жаздым. Фильмнің режиссері – Еркін Рақышев. Түсірілім жұмыстары 2014 жылы Алматы қаласында басталды. Фильмге жарты жылдай уақыт кетті. 500-ге тарта актер жұмылдырылды. Ақпан, қазан төңкерісі оқиғаларымен басталатын фильмде Кеңес Одағының қазақ жеріне орнауы, ұжымдастыру, аштық көріністері орын алды. Сондай-ақ, сол кездердегі Алаш ардақтыларының жұмыстары барысынан да кадрлар түсірілді. Актерлар құрамы өте мықты болды. Соның нәтижесінде деректі фильм жүрекке жететіндей, бойды шымырлатып, ой салатындай болып шықты. Өкіністісі – «Ашаршылық» қазір теледидар бетінде көп берілмейді.

**– Ел арасында, тарихшы ғалымдардың кей пікірлерінде ашаршылықты бөлек, репрессия құрбандарын бөлек қарастыру керек деген ойлар айтылады. Сіз бұған не дейсіз? Жалпы тарихтағы ақтаңдақтарды еске алғанда нені ескеру қажет?**

Күніне қазақ мыңдап өліп жатыр,
Тұқымы сағат сайын кеміп жатыр.
Өз баласын өзі үйітіп, сирағын жеп,
Көр азабын тірідей көріп жатыр, – деп келетін Ілияс Жансүгіровтің өлең жолдарын оқыған боларсыз. Міне, осындай жырлары үшін Ілиястың басы оққа байланды. Одан бөлек қаншама қазақ зиялысы қаһарлы саясаттың жазықсыз құрбаны болды. «Бесеудің хатын» жазған қазақ оқығандары да қудалауға ұшырады. Айта берсек өте көп. Осы кезеңде өмір сүрген кез-келген әдебиет өкілінің өлімі кеңестік саясаттан болды. Билік басындағы қазақ оқығандары да І думадан келесісіне өте алмады. Міне, олардың барлығы осынау аштықты, сол нәубетті жылдардағы қазақ халқының жай-күйін тосырқамай айта алғандықтарынан мерт болды. Сол себепті де мен бұл екі тақырыпты екі бөлек қарастыруға қарсымын. Бұл екеуі ет пен сүйек секілді бір-бірінен ажыратуға болмайтын дүниелер деп ойлаймын.

**– Сұхбатыңызға рақмет.**

*Сұхбаттасқан*
**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

# ДІНИ РАДИКАЛИЗММЕН КҮРЕСТЕ АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

**Алғысөз ретінде айта кетер болсақ, еліміздегі дін саласын реттеу жұмыстары бүгінгі таңда Конституцияда бекітілген зайырлылық қағидаттарын басшылыққа алады. Сәйкесінше, біздің елімізде адамдардың дінге қатысты қажеттіліктерін еркін өтеулері үшін барлық жағдайлар жасалған.**

Қолданыстағы заңнамаларда елімізде ешбір діннің міндетті еместігі және ешбір дінге қандай да бір артықшылық берілмейтіні және заңды түрде қызмет атқарып отырған барлық конфессиялардың заң алдындағы теңдігі нақты бекітілген. Осындай қарапайым әрі түсінікті ережелер, өз кезегінде, жұртшылықтың дін саласында жүргізіп отырған мемлекеттің саясатын оңды бағалауына мүмкіндік беріп отыр деп айтуға болады. Осы ретте, біздің елімізде дін саласындағы саясатты іске асыру шеңберінде діни радикализмнің өсе түсіп отырған қаупін алдын алуға баса мән беріледі. Бұл бағыттағы дін саласындағы уәкілетті орган болып табылатын Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті барлық деңгейдегі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлестікте және азаматтық қоғам институттарын кеңінен тарта отырып өз құзіреті шегінде бірізді жұмыстар жүргізіп отырғанын айта кету керек.

Уәкілетті органның діни радикализмнің алдын алудағы өз құзіреті шегіндегі жұмыстарында қолданыстағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңының және діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» шеңберінде діни әдебиеттер мен ақпараттық материалдарды дінтанулық сараптамадан өткізу, интернет-ресурстарды мониторингтеу арқылы күмәнді діни идеяларды таратумен айналысатын сайттар мен парақшаларды анықтау және оларды бұғаттауға ұсыныс беру жұмыстарынан бөлек жұртшылық арасында діни радикализмге иммунитет қалыптастыру мақсатында ағартушылық-түсіндіру жұмыстарын іске асыруға, әртүрлі теріс діни ағымдар мен жалған діни ұйымдардан зардап шеккендерді оңалтуға және ақпараттық жұмыстар жүргізуге ерекше мән беріледі.

Осы орайда бұл бағыттағы жұмыстарды бірізділігі жағынан бір-бірімен өзара тығыз байланыста көрініс табатын бірнеше бөліктерге бөліп қарастыру керек. Бірінші бөлікке діни экстремизм мен терроризм идеяларының таралуының алдын алу мақсатында дін мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру топтарын құру, орталық және жергілікті деңгейде олардың жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік қамтамасыз ету және үйлестіру арқылы теріс діни идеяларға тоқсауыл қою жатады.

Радикалдық ағымдардың ұстанушыларын дәстүрлі ортаға қайтару, кеңес беру және оңалту жұмыстарын қамтитын екінші бөлікте теріс ағымдардың ұстанушыларын дәстүрлі ортаға қайтару және экстремизм баптары бойынша бас бостандықтарынан айырылып, түзеу мекемелерінде жазаларын өтеушілермен оңалту бағыттарында кешенді шаралар іске асырылуда. Бұл бағыттағы жұмыстар уәкілетті органның қаржыландыруымен жұмыс істеп отырған «Ақниет» орталығы арқылы іске асырылуда.

Үшінші бөлікті дәстүрлі тарихи сананы, мәдени-рухани құндылықтарды насихаттау арқылы еліміздің тұрғындарын радикалдық діни ағымдардың теріс идеяларынан сақтандыру мақсатындағы ақпараттық жұмыстар құрайды.

Жалпы, дін саласындағы ақпараттық жұмыстар тұрғындардың кең тобының арасында деструктивті және экстремистік идеялардың алдын алуға бағытталған ақпараттық-танымдық және ағартушылық жұмыстардың маңызды бір бөлігі болып табылады. Мұндай кешенді жұмыстар конфессияаралық келісімді нығайтуға, қоғам назарын осы салада орын алып отырған мәселелерге және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға бұра отырып тұрғындардың мемлекеттік құрылымдарға қатынастағы сенімдерінің негізін қалауға және олардың белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Діни радикализмнің алдын алу шегінде жүргізілетін ақпараттық жұмыстар еліміздегі діни ахуал туралы толыққанды, сапалы әрі сенімді ақпарат бере отырып, деструктивті діни ағымдарды мансұқтау және діни сипаттағы экстремистік идеялардың таралуының алдын алу мақсатына жұмылдырылуы тиістігі анық.

Діни радикализмді еңсеру бағытындағы ақпараттық өнімдер мақсатына сәйкес кең жұртшылықпен қатар нақты аудиторияға бағытталуы қажеттігін және еліміздегі діни ахуалды есепке алатын ақпараттық-танымдық және ағартушылық сипатқа ие болуы керектігін көрсетеді. Сәйкесінше, қазіргі күнде мемлекеттік органдармен және үкіметтік емес ұйымдармен жүзеге асырылып отырған радикализмге қарсы ақпараттық жұмыстар дін саласындағы одан да ауқымды ақпараттық басымдықтарға бағындырыла отырып, жүзеге асырылуда. Осы мақсатта еліміздің тұрғындарының дін саласындағы мәселелерге қатысты көзқарасы мен ұстанымын қалыптастырумен, азаматтардың дін саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуы туралы ақпараттандырылуын қамтамасыз етумен, дін саласындағы жалпы сауаттылық деңгейін көтеру арқылы азаматтардың құқықтық мәдениетін көтерумен, қоғамда зайырлы қағидаттар мен конфессияаралық келісімді ілгерілетумен және осы мәселелер шегінде орын алуы мүмкін шиеленістердің алдын алумен, жұртшылыққа заңды қызмет атқарып отырған діни бірлестіктердің жұмыстарын ашып көрсетумен, қоғамда деструктивті жалған діни ұйымдар мен ағымдардың таралуының алдын алумен, өз құзіреттері шегінде дін саласындағы саясатты іске асырумен айналысып отырған мемлекеттік органдардың қызметтерін және осы бағыттағы жұмыстарға атсалысып жүрген қоғамдық ұйымдардың жұмыстарын жариялаумен және осы қатардағы басқа да байланысты жүзеге асырылып отырған кешенді жұмыстарды ашып көрсетумен байланысты ақпараттарды әзірлеуге, орналастыруға және таратуға үлкен мән беріліп отыр. Осы орайда, діни радикализмнің алдын алудағы ақпараттық жұмыстарда бірнеше жылдар бойы пәрменді нәтиже көрсетіп келе жатқан «Kazislam.kz» ақпараттық-ағартушылық порталының жұмысы елеулі деуге болады. Өзінің жеті жылға жуық тарихында танымал отандық діни сайтқа айналып үлгерген осы портал бетінде тұрғындардың діни сауатын арттыру, мемлекеттің зайырлы қағидатын және дәстүрлі рухани құндылықтарды насихаттау, азаматтардың бойында діни радикализм, экстремизм мен терроризм идеяларына қарсы иммунитет қалыптастырудың өзекті мәселелері бойынша ақпараттық материалдар толассыз жарияланып отырады. Осы ретте аталған порталдың сарапшылар бағанына келіп түскен сұрақтарға білікті теологтар тарапынан жауап беріп отыру бағаны жақсы жолға қойылғанын айта кету керек. Қорыта айтқанда, дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберінде бүгінде іске асырылып отырған ақпараттық жұмыстардың қоғамымызда идеялық тұрғыдан бой көрсетіп отырған діни радикализмді еңсерудегі маңызы күшейе түсетін болады.

**Мейрам ИМАНБАЕВ,**
**сарапшы**

# ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАР ТІЗІМІ

**1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және іс-түссіз жоғалған қазақстандық жауынгерлердің есімдерін, жерленген орындарын анықтау мақсатында тұтқында болған қазақстандықтардың туысқандарына іздестіру басталды.**

| р/с | ТӘЖ | Туған жылы | Туған жері | Әскерге шақырылған уақыты | Қайтыс болған күні | Жерленген жері | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Акаев Русмашбек | 1914 | Қарағанды облысы | | | | Қарағанды облысы Сархенова Нарина Қазақ ССР. Қарағанды облысы |
| 2 | Аубактров Кульняз Аубакирович | 1905 | Қазақ ССР | 26.05.1942 | 17.10.1943 | Берген -Бельсен | |
| 3 | Агаржанов Кайыр | 1909 | Қарағанды обл. Көк - Маидур | | 25.10.1942 | Минск | Қарағанды облысы Нұралы |
| 4 | Абдуурахманов Аидбай | 1916 | Қарағанды | 27.06.1941 | 24.03.1942 | Гродио | Қарағанды облысы. |
| 5 | Абаев Кадыабек Абаевич | 1922 | Қазақ ССР Егінді-бұлақ | 29.08.1942 | 29.03.1944 | Хоенштайн | Қарағанды облысы |
| 6 | Ахметов Миркантай Ахметович | 13.05.1919 | Қарағанды обл. | Шілде 41 | | | Қарағанды облысы |
| 7 | Атенов Урумбай Атенович | | Қарағанды облысы | 03.10.1943 | 22.08.1944 | Ламедорф | Анасы-Атенова Огулшар<br>Қарағанды облысы |
| 8 | Ахметов Иманшуп | | Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы № 4 | 1896 | | | Әйелі-Екипа Қарағанды қаласы Загародный көшесі 21-үй |
| 9 | Абенов Арип Абенович | 15.10.1999 | Қазақ ССР 04.07.1941 | Қазақ ССР | 04.07.1941 | | Қарағанды облысы Қарсақбай ауданы |
| 10 | Азебеков Кашеб | 1914 | Қазақ ССР, Қарағанды обл., Қарқаралы ауданы | | | | |
| 11 | Айтбаев Молдаш | 15.11.1916 | Қазақ ССР | 05.09.1941 | 01.07.1942 | Цайтхайи 11 | Токбаев Кульмагамбет. Қазақ ССР Қарағанды облысы |
| 12 | Айлдилденов Исмаил Айдилденович | 1908 | Зелевая Балка | Тамыз 42 | 23.02.1942 | Молодечно | Айдилденова Сваира Қарағанды облысы |
| 13 | Акбаров Сикиния Ержанович | 1919 | Қарағанды облысы | 28.08.1941 | 17.07.1942 | | Қарағанды облысы |
| 14 | Ахмедов Касин Ахмедович | 1900 | Қарағанды | 06.06.1943 | 31.07.1944 | Ламедорф | Әйелі-Ахмедова Шайма Қарағанды облысы |
| 15 | Аитбаев Малдаш | 15.11.1916 | Қазақ ССР Қарағанды облысы Улыгул | | 11.01.1942 | Цайтхайн 11 | Токбаев Кульмагамбет. Қазақ ССР Қарағанды облысы |
| 16 | Айтамбетов Вахит Джумагулович | 1923 | | | 27.02.1943 | Остров легерь зиратында | Қарағанды облысы |
| 17 | Алькенов Уатай Алкенович | 1922 | Қарағанды облысы | 23.05.1942 | 13.06.1943 | Штаумюлле | Букпанов Алкен Ст.Чербайдура |
| 18 | Ашухбаев Сикарм | 1898 | Қарағанды облысы | | | | Қарағанды |
| 19 | Абжалиев Мади | 10.10.1913 | Қарағанды облысы, колхоз им.Ворошилова | | 12.08.43 | Япондык Льиов | Қарағанды ооблысы |
| 20 | Акмулдинов Мансур | 1916 | Қарағанды облысы | | 04.08.1942 | Остров лагерь зиратында | Қарағанды облысы |
| 21 | Айчанов Балташ Айджанович | 1918 | Қазақ ССР Семиебуга | 03.07.1941 | | | Тұтқындау орны Львов |
| 22 | Байтасов Ахантай | 1917 | Қарағанды | 23.07.1941 | 16.05.1943 | | Тұтқындау орны Могилев |
| 23 | Балабелов Абижан | 1902 | | 08.1942 | 29.031943 | Беньяминов | Қарағанды облысы Самарқан ауданы |
| 24 | Бакиров Серик Бакирович | 1913 | Кисилту | 26.05.1942 | 12.05.1943 | | Тұтқындау орны Харьков Қазақстан,Қарағанды, Қарқаралы ауданы ауыл әскери кіші сержант Бакир Сулимин |
| 25 | Балкабеков Бейсембай Балкабекович | 1918 | Қарағанды облысы,Балқаш | 24.06.1941 | 18.07.1942 | | Әкесі-Балкабек,анасы-Райза,ағасы-Шахимбек, Қарағанды облысы, Балқаш |
| 26 | Байбеков Такаш Байбекович | 1901 | Семиапалатинск облысы | 05.10.1944 | | | Тұтқындау орны |

**Жезқазған қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы**

# МАУСЫМ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

*(Жезқазған уақыты бойынша)*

| | Апта күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Шам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дүйсенбі | 03:31 | 05:32 | 13:30 | 18:55 | 21:23 | 23:24 |
| 2 | Сейсенбі | 03:31 | 05:31 | 13:30 | 18:56 | 21:24 | 23:24 |
| 3 | Сәрсенбі | 03:31 | 05:31 | 13:30 | 18:56 | 21:25 | 23:25 |
| 4 | Бейсенбі | 03:30 | 05:30 | 13:31 | 18:57 | 21:26 | 23:25 |
| **5** | **Жұма** | **03:30** | **05:30** | **13:31** | **18:57** | **21:26** | **23:26** |
| 6 | Сенбі | 03:30 | 05:29 | 13:31 | 18:58 | 21:27 | 23:26 |
| 7 | Жексенбі | 03:30 | 05:29 | 13:31 | 18:58 | 21:28 | 23:27 |
| 8 | Дүйсенбі | 03:30 | 05:28 | 13:31 | 18:59 | 21:29 | 23:27 |
| 9 | Сейсенбі | 03:30 | 05:28 | 13:32 | 18:59 | 21:29 | 23:27 |
| 10 | Сәрсенбі | 03:30 | 05:28 | 13:32 | 19:00 | 21:30 | 23:28 |
| 11 | Бейсенбі | 03:30 | 05:28 | 13:32 | 19:00 | 21:31 | 23:28 |
| **12** | **Жұма** | **03:30** | **05:27** | **13:32** | **19:00** | **21:31** | **23:29** |
| 13 | Сенбі | 03:30 | 05:27 | 13:32 | 19:01 | 21:32 | 23:29 |
| 14 | Жексенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:01 | 21:32 | 23:29 |
| 15 | Дүйсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:01 | 21:33 | 23:30 |
| 16 | Сейсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:02 | 21:33 | 23:30 |
| 17 | Сәрсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:02 | 21:33 | 23:30 |
| 18 | Бейсенбі | 03:30 | 05:27 | 13:33 | 19:02 | 21:34 | 23:31 |
| **19** | **Жұма** | **03:30** | **05:27** | **13:34** | **19:03** | **21:34** | **23:31** |
| 20 | Сенбі | 03:31 | 05:27 | 13:34 | 19:03 | 21:34 | 23:31 |
| 21 | Жексенбі | 03:31 | 05:28 | 13:34 | 19:03 | 21:34 | 23:31 |
| 22 | Дүйсенбі | 03:31 | 05:28 | 13:34 | 19:03 | 21:35 | 23:31 |
| 23 | Сейсенбі | 03:31 | 05:28 | 13:35 | 19:03 | 21:35 | 23:32 |
| 24 | Сәрсенбі | 03:32 | 05:29 | 13:35 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 25 | Бейсенбі | 03:32 | 05:29 | 13:35 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| **26** | **Жұма** | **03:32** | **05:29** | **13:35** | **19:04** | **21:35** | **23:32** |
| 27 | Сенбі | 03:33 | 05:30 | 13:35 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 28 | Жексенбі | 03:33 | 05:30 | 13:36 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 29 | Дүйсенбі | 03:33 | 05:31 | 13:36 | 19:04 | 21:35 | 23:32 |
| 30 | Сейсенбі | 03:34 | 05:31 | 13:36 | 19:04 | 21:34 | 23:32 |

***Жезқазған аймақтық Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.***



# МҰҒАЛІМДЕРДІ ҚАҒАЗБАСТЫЛЫҚТАН АРЫЛТУ

***білім сапасының деңгейін жоғарылатады***

Qazaqstan Respýblikasy Prezidentiniń joldaýy

Ұстаздық кәсіп өзге мамандықтар арасынан жан-жақты білімді, талапты, ізденімпаз болуымен ерекшеленеді. Мұғалім арқылы бойыңа дарыған тағлым-тәрбие де адам баласы жадынан ешқашан өшпесі анық.

Білім беру саласындағы барлық негізгі оқиғалар білім алушының игілігіне қызмет етуі тиіс. Осы орайда, педагог мамандар барлық күш-жігерлерін тек білім беруге, шәкірттерінің биік дәрежеде білім алуына сарп еткені және де әрбір баламен жеке жұмыс істеу мүмкіндігіне ие болғаны абзал.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беруді ұйымдастыруға мұғалімдерге қажетті құжаттар тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес еліміздің барлық оқытушыларына зор қолдау көрсетілуде. Бұл құжаттың маңыздылығы – мұғалімдердің артық қағазбастылықтан арылуының заңнамалық негізі болуында.

Министр бекіткен нақты тізімге сәйкес, бұдан былай мектеп мұғалімдері күнделікті тек сынып журналы мен сабақ жоспарын толтырады. Оқу жылының басында күнтізбелік-тақырыптық жоспарды, әрбір тоқсан соңында критериалды бағалау құжаттарын дайындайды.

Сондай-ақ, сынып жетекшісі тәрбие жұмысы жоспары, ата-аналар жиналысының өту барысы жайлы электронды хаттама толтыру, оқушылар табелін және қажеттілік туындаған жағдайда олардың жеке бас мәліметтерін дайындаумен шұғылданады.

Егер мұғалім жаңадан жұмысқа орналасқан жас маманға тәлімгерлік ететін болса (тәлімгерлік 01.09.2020 жылдан бастап жүзеге асады), айлығына 17 000 теңге көлемінде үстемақы қосылады. Соған байланысты жас маманмен бірге атқарылған жұмыстар бойынша әдістемелік құжат толтырады.

Сонымен қатар, мектеп басшысы мен орынбасарлары толтыруға тиісті құжаттар тізімі де құралды. Енді бұдан былай аталған тізімнен бөлек басы артық құжаттармен айналысу қажеттілігі жоқ.

Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының оқытушылары жыл басынан бері арнайы білім беру бағдарламасын жасауда және күнтізбелік-тақырыптық жоспар құруда. Соған сай күнделікті құжаттар қатарында сабақ жоспарымен қатар теориялық, өндірістік сабақтар мен жеке сабақтардың есеп-қисаптық кітаптары толтырылады. Егер оқытушы куратор қызметін атқарса, тәрбие жұмысы жоспарын құрады.

Ұстаздар жұмысын жеңілдету олардың кәсіби тұрғыдан біліктіліктерін жетілдіруіне мүмкіндік тудырып, бар ықылас-зейінін сабақ үдерісіне салуы арқылы еліміздің білім беру саласын дамытуға жол ашары сөзсіз.

Мойындарына жүктелген басы артық жұмыстардан құтқарудың есесіне мұғалімдерге қойылар басты талап – шәкірттерге сапалы білім беріп, өздерін кәсіби біліктіліктің биік шыңынан көрсете білу.

Ұстаздарға кәсіби міндеттеріне кірмейтін жұмыстар жүктеп, Қарағанды облысының білім саласындағы сапа кепілдігі департаменті қызметіне сай келмейтін деректер мен есеп-қисапты талап еткен тұлғалар әкімшілік жауапқа тартылады. Заң бұзушылық орын алған жағдайда 300 теңге көлемінде айыппұл салынады.

Айта кетерлік тағы бір жағдай – аталған мәселеге байланысты білім беру саласындағы тиісті ақпараттар мен статистикалық мәліметтер республиканың Ұлттық білім беру деректер қорында жинақталған. Сол арқылы мемлекеттік органдар білім беру ұйымдарына сұраныс жібермей-ақ негізгі деректерді ала алады.

Педагогтен негізгі міндеттеріне кірмейтін құжаттарды талап ету, мәжбүрлі түрде газет-журналдарға жаздыру, еңбекақы тұрғысында туындаған қиыншылықтар, кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдер бойынша мәселелер тағы да басқа түрлі сұрақтар орын алған жағдайда Қарағанды облысының білім саласындағы сапа кепілдігі департаментінің **8 (7212) 41-20-15, 50-25-11, 87786657149, 87782249940 с**енім телефондарына хабарласуға немесе «Telegram», «Facebook» (Білім саласындағы Департамент), «Instagram» (dksokaraganda) әлеуметтік желілеріндегі парақшаларына жазба қалдыруға болады.

Талантты әрі шығармашыл ұстаз ғана биіктерді бағындырары сөзсіз.

**Санат МУСИН,**
**Қарағанды облысының білім саласындағы сапа кепілдігі департаментінің жетекшісі**

## DÚISENBI
### 1 MAÝSYM

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:35 «Másele». 7:15 Балаларға арналған концерт. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Ер Төстік пен айдаһар».11:00 «Мұзбалақ».12:00 «NIET». 13:00 «Apta». 13:50 «100 jańa esim».14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 15:00 «Моана».16:30 «ЖАҢҒЫРЫҚ».18:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».20:00 AQPARAT. 20:40 «ASHYQ ALAŃ».21:30 «КӨСЕМ». 22:20 «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».23:05 «Қанатсыз құстар». 0:35 «МузАРТ Live».2:05 AQPARAT.

**ХАБАР**

6:00 «7 күн». 7:00 «Пәленшеевтер». 7:45 «1001 түн: айтылмаған әңгімелер». 8:30 «Малышарики». 9:30 «Старик Хоттабыч». 11:00 «Вкусное утро». 11:30 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 12:15 «Листопад». 14:00 «Большая маленькая ложь». 16:20 «Discovery: Как устроена Вселенная». 17:10 «Жестокий Стамбул». 18:00 «Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:20 «Жестокий Стамбул». 0:10 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 1:00 «Пәленшеевтер».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:15 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ханзада Жумонг». 13:50 Специальный репортаж. 14:05 «Буба». 14:30 «Маша и медведь». 15:00 «Бір болайық». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Қош келдіңіз!». 17:50 «Үздік әзілдер». 18:10 «1001 түн». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Ханзада Жумонг». 0:30 «Бір болайық». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Елорда қуаты». 2:20 «Әзілстан». 2:30 «KazNet». 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ». 07.30 «ДОБЕЖАТЬ ДО СЕБЯ». 11.00 «ГАДКИЙ УТЁНОК». 14.30 «12 ЧАСОВ». 16.15 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18.00 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЗА ВИТРИНОЙ». 23.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 01.10 «12 ЧАСОВ». 02.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 03.35-04.20 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Гу-гулет». 07.30 «Парижден мені іздеп тап». 09.00 «Фиксики». 09.30 «Почтальон Пэт». 11.00 «Красавица и чудовище». 13.00 «Юморина». 14.30 «Q-елі». 15.00 «Парижден мені іздеп тап». 15.30 «Побег из аула». 16.10 «Новый день». 16.40 «Ни слова о любви». 17.40 «Анна-детективъ». 18.30 «Куба». 19.15 «Домик на счастье». 20.15 «Зың-зың Кулпәш». 21.00 «Ата-ана. Бала-шаға». 22.00 «Элиф». 22.50 «Стукач». 00.50 «Новый день». 01.20 «Побег из аула». 02.00 «Жүрек сыры». 03.00 «Айнаонлайн». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**AQSHAM**

09:02 Реклама. 09:10 Детский час. 10:00 Новости. 10:30 Время мультфильма. 13:00 Новости. 13:40 «Балапан». 15:00 Еске алу. 16:30 Информационный блок. 18:00 Еске алу. 19:00 Новости. 19:40 Передача. 20:00 Құтты болсын. 21:00 Новости. 21:45 Реклама. 22:00 Передача. 23:00 Новости. 23:45 Реклама.

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 «Таңғы шоу». 11.10 Мультфильмы. 11.45 «Ашынған ана». 13.00 «Память о прошлом». 13.25 Мұрағат. «Ешкім де, ештене де ұмытылмайды...». 13.50 «Мәңгілік ел – Қазақстан». 15.40 «Құйынды жылдардың құрбаны». 15.55 «Поэзия! Менімен егіз бе едің?». 16.00 «Хабарландыру». 16.15 «Шаңырақ». 16.55 «Айналайн». 18.00 Деректі фильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.50 «Қазақстан байтақ өлке». 19.45 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 20.05 «Балауса». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ганга». 10:00 «Лунтик». 11:00 «Аладдин». 12:00 «Три богатыря. Наследница престола». 14:00 Информбюро. 14:30 «Кел татуласайық». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Тайны города Эн». 19:00 «Сваты». 20:00 Информбюро. 21:05 ««Махаббатым, кеш мені». 23:00 «What's Up?». 00:00 «Интерны». 01:30 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 03:00 Ризамын. 04:00 Әзіл студио.

## SEISENBI
### 2 MAÝSYM

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:30 «Қазақ даласының құпиялары». 6:55 «Құрбылар».7:20 AQPARAT. 8:00 «TAŃSHOLPAN».10:00 «Шексіз сезім».12:00 «NIET».13:00 «СЕН ДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕГЕ...». 13:20 «Bizben birge».14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 15:00 «Ғажайып дәрігер».15:45 «АУЫЛДАСТАР».16:20 «ЖАҢҒЫРЫҚ».18:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».20:00 AQPARAT. 20:40 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ».22:20 «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».23:10 «Қанатсыз құстар».0:40 «МузАРТ Live».2:10 AQPARAT.

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. 7:30 «Пәленшеевтер». 8:10 «Discovery: Как устроена Вселенная». 9:00 «Келінжан». 11:00 «Вкусное утро». 11:30 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 12:15 «Листопад». 14:00 «Большая маленькая ложь». 16:20 «Discovery: Как устроена Вселенная». 17:10 «Жестокий Стамбул». 18:00 «Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:50 «Новый курс». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:20 «Жестокий Стамбул». 0:10 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 1:00 «Пәленшеевтер».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:15 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ханзада Жумонг». 13:50 Elorda live. 14:00 «Буба». 14:25 «Маша и медведь». 15:00 «Бір болайық». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Қош келдіңіз!». 17:50 «Үздік әзілдер». 18:10 «1001 түн». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Ханзада Жумонг». 0:30 «Бір болайық». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Елорда қуаты». 2:20 «Әзілстан». 2:30 «KazNet». 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 08.00 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «ВОСТОК-ЗАПАД». 12.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 14.20 «ЗА ВИТРИНОЙ». 16.15 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18.00 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЗА ВИТРИНОЙ». 23.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 01.10 «ВОСТОК-ЗАПАД». 02.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 03.35-04.20 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Гу-гулет». 07.30 «Парижден мені іздеп тап». 08.00 «Элиф». 09.00 «Анна-детективъ». 10.00 «Смеяться разрешается». 11.50 «Куба». 13.00 «Зачетный препод». 15.00 «Парижден мені іздеп тап». 15.30 «Побег из аула». 16.10 «Новый день». 16.40 «Ни слова о любви». 17.40 «Анна-детективъ». 18.30 «Куба». 19.15 «Домик на счастье». 20.15 «Зың-зың Кулпәш». 21.00 «Ата-ана.Бала-шаға». 22.00 «Элиф». 22.50 «Славные парни». 00.50 «Новый день». 01.20 «Побег из аула». 02.00 «Жүрек сыры». 03.00 «Айнаонлайн». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**AQSHAM**

09:02 Реклама. 09:10 Детский час. 10:00 Новости. 10:30 Время мультфильма. 13:00 Новости. 13:40 «Балапан». 15:00 Еске алу. 16:30 Информационный блок. 18:00 Еске алу. 19:00 Новости. 19:40 Передача. 20:00 Құтты болсын. 21:00 Новости. 21:45 Реклама. 22:00 Передача. 23:00 Новости. 23:45 Реклама.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 11.40 Мультфильм 11.55 «Айналайн». 13.00 «Дидар». 13.30 «Балауса». 13.55 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 14.15 «Заттыбек Көпбосынұлының шығармашылық кеші». 15.30 Деректі фильм.
16.00 «Хабарландыру». 16.15 «Қазақстан байтақ өлке». 16.55 «Айналайн». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.50 «Жүрек тынысы». 19.35 Деректі фильм. 20.00 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 20.15 «Шыңдағы шынар». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ганга». 10:00 «Лунтик». 11:00 «Аладдин». 12:00 ««Махаббатым, кеш мені». 14:00 Информбюро. 14:30 «Кел татуласайық». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Тайны города Эн». 19:00 «Сваты». 20:00 Информбюро. 21:05 ««Махаббатым, кеш мені». 23:00 «What's Up?». 00:00 «Интерны». 01:30 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 03:00 Ризамын. 04:00 Әзіл студио.

## SÁRSENBI
### 3 MAÝSYM

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:30 «Қазақ даласының құпиялары». 6:55 «Құрбылар».7:20 AQPARAT. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шексіз сезім».12:00 «NIET».13:00 «KELBET». 13:25 «Bizben birge».14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 15:00 «Ғажайып дәрігер».15:50 «АУЫЛДАСТАР».16:20 «ЖАҢҒЫРЫҚ».18:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».20:00 AQPARAT. 20:40 «ASHYQ ALAŃ».21:30 «КӨСЕМ».22:20 «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».23:10 «Қанатсыз құстар».0:40 «МузАРТ Live».2:10 AQPARAT.

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. 7:30 «Пәленшеевтер». 8:10 «Discovery: Как устроена Вселенная». 9:00 «Келінжан». 11:00 «Вкусное утро». 11:30 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 12:15 «Листопад». 14:00 «Большая маленькая ложь». 16:20 «Discovery: Как устроена Вселенная». 17:10 «Жестокий Стамбул». 18:00 «Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:20 «Жестокий Стамбул». 0:10 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 1:00 «Пәленшеевтер».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:15 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ханзада Жумонг». 13:50 Специальный репортаж. 14:05 «Буба». 14:30 «Маша и медведь». 15:00 «Бір болайық». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Қош келдіңіз!». 17:50 «Үздік әзілдер». 18:10 «1001 түн». 20:00 ASTANA TIMES. 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Ханзада Жумонг». 0:30 «Бір болайық». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Елорда қуаты». 2:20 «Әзілстан». 2:30 «KazNet». 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 08.00 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «ВОСТОК-ЗАПАД». 12.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 14.20 «ЗА ВИТРИНОЙ». 16.15 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18.00 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЗА ВИТРИНОЙ». 23.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 01.10 «ВОСТОК-ЗАПАД». 02.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 03.35-04.20 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Гу-гулет». 07.30 «Парижден мені іздеп тап». 08.00 «Элиф». 09.00 «Анна-детективъ». 10.00 «Смеяться разрешается». 11.50 «Куба». 13.00 «Зачетный препод-2». 15.00 «Парижден мені іздеп тап». 15.30 «Побег из аула». 16.10 «Новый день». 16.40 «Ни слова о любви». 17.40 «Анна-детективъ». 18.30 «Куба». 19.15 «Домик на счастье». 20.15 «Зың-зың Кулпәш». 21.00 «Ата-ана.Бала-шаға». 22.00 «Элиф». 22.50 «Красавица и чудовище». 00.50 «Новый день». 01.20 «Побег из аула». 02.00 «Оралу». 03.00 «Айнаонлайн». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**AQSHAM**

09:02 Реклама. 09:10 Детский час. 10:00 Новости. 10:30 Время мультфильма. 13:00 Новости. 13:40 «Балапан». 15:00 Еске алу. 16:30 Информационный блок. 18:00 Еске алу. 19:00 Новости. 19:40 Передача. 20:00 Құтты болсын. 21:00 Новости. 21:45 Реклама. 22:00 Передача. 23:00 Новости. 23:45 Реклама.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.55 «Айналайн». 13.00 «Дидар». 13.30 «Шыңдағы шынар». 13.45 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 14.00 «Жібек сезім». 15.35 Деректі фильм. 16.00 «Хабарландыру». 16.15 «Жүрек тынысы». 16.55 «Айналайн». 18.00 «Дидар». 18.15 Мультфильм. 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.50 «Қазақстан байтақ өлке». 19.25 Деректі фильм. 19.45 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 20.10 «Мерей». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ганга». 10:00 «Лунтик». 11:00 «Аладдин». 12:00 ««Махаббатым, кеш мені». 14:00 Информбюро. 14:30 «Кел татуласайық». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Тайны города Эн». 19:00 «Сваты». 20:00 Информбюро. 21:05 ««Махаббатым, кеш мені». 23:00 «What's Up?». 00:00 «Интерны». 01:30 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 03:00 Ризамын. 04:00 Әзіл студио.

## BEISENBI
### 4 MAÝSYM

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ КҮНІ**

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:30 «Қазақ даласының құпиялары». 7:00 «Құрбылар».7:20 AQPARAT. 8:00 «TAŃSHOLPAN».10:00 «Шексіз сезім».12:00 «NIET».13:00 «Kóńil tolqyny».13:20 «Bizben birge».14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 15:00 «Ғажайып дәрігер».15:50 «АУЫЛДАСТАР». 16:20 «ЖАҢҒЫРЫҚ».18:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».20:00 AQPARAT. 20:40 «ASHYQ ALAŃ».21:30 «КӨСЕМ».22:20 «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».23:10 «Қанатсыз құстар».0:40 «МузАРТ Live».2:05 AQPARAT.

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. 7:30 «Пәленшеевтер». 8:10 «Discovery: Как устроена Вселенная». 9:00 «Келінжан». 11:00 «Вкусное утро». 11:30 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 12:15 «Листопад». 14:00 «Большая маленькая ложь». 16:20 «Discovery: Как устроена Вселенная». 17:10 «Жестокий Стамбул». 18:00 «Келінжан». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:50 «Как боролись с эпидемиями в Казахстане». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:25 «Жестокий Стамбул». 0:15 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 1:05 «Пәленшеевтер».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:15 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ханзада Жумонг». 13:50 Elorda live. 14:00 «Буба». 14:25 «Маша и медведь». 15:00 «Бір болайық». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Қош келдіңіз!». 17:50 «Үздік әзілдер». 18:10 «1001 түн». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Ханзада Жумонг». 0:30 «Бір болайық». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Елорда қуаты». 2:20 «Әзілстан». 2:30 «KazNet». 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 08.00 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «ВОСТОК-ЗАПАД». 12.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 14.20 «ЗА ВИТРИНОЙ». 16.15 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18.00 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ЗА ВИТРИНОЙ». 23.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 01.10 «ВОСТОК-ЗАПАД». 02.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 03.35-04.20 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Гу-гулет». 07.30 «Парижден мені іздеп тап». 08.00 «Элиф». 09.00 «Анна-детективъ». 10.00 «Смеяться разрешается». 11.50 «Куба». 13.00 «Зачетный препод-3». 15.00 «Парижден мені іздеп тап». 15.30 «Побег из аула». 16.10 «Новый день». 16.40 «Ни слова о любви». 17.40 «Анна-детективъ». 18.30 «Куба». 19.15 «Домик на счастье». 20.15 «Зың-зың Кулпәш». 21.00 «Ата-ана.Бала-шаға». 21.30 «Элиф». 22.30 «Зачетный препод». 00.30 «Новый день». 01.20 «Побег из аула». 02.00 «Оралу». 03.00 «Айнаонлайн». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**AQSHAM**

09:02 Реклама. 09:10 Детский час. 10:00 Новости. 10:30 Время мультфильма. 13:00 Новости. 13:40 «Балапан». 15:00 Еске алу. 16:30 Информационный блок. 18:00 Еске алу. 19:00 Новости. 19:40 Передача. 20:00 Құтты болсын. 21:00 Новости. 21:45 Реклама. 22:00 Передача. 23:00 Новости. 23:45 Реклама.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.55 «Айналайн». 13.00 «Дидар». 13.30 «Мерей». 13.50 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 14.15 «Сәулемді елге түсірсем...». 15.40 Деректі фильм. 16.00 «Хабарландыру». 16.10 «Қазақстан байтақ өлке». 16.45 «Мультфильм». 16.55 «Айналайн». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.50 Документальный фильм. 19.45 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 20.00 «Жас time». 20.30 «Дидар». 21.00 «Сәлем». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ганга». 10:00 «Лунтик». 11:00 «Аладдин». 12:00 ««Махаббатым, кеш мені». 14:00 Информбюро. 14:30 «Кел татуласайық». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Леди исчезают в полночь». 19:00 «Беглые родственники». 20:00 Информбюро. 21:10 ««Махаббатым, кеш мені». 23:05 «What's Up?». 00:00 «Интерны». 01:30 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 03:00 Ризамын. 04:00 Әзіл студио.

## JUMA
### 5 MAÝSYM

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:30 «Қазақ даласының құпиялары». 6:55 «Құрбылар».7:20 AQPARAT. 8:00 «TAŃSHOLPAN». 10:00 «Шексіз сезім».12:00 «NIET».13:00 «ИМАН ӨЗЕГІ». 13:20 «Bizben birge».14:00 AQPARAT. 14:10 «Көсем». 15:00 «Ғажайып дәрігер».15:50 «АУЫЛДАСТАР». 16:20 «ЖАҢҒЫРЫҚ».18:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».20:00 AQPARAT. 20:40 «ASHYQ ALAŃ». 21:30 «КӨСЕМ». 22:20 «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».23:10 «Қанатсыз құстар».0:40 «PARASAT MAIDANY». 1:10 AQPARAT.1:50 «Ashyq alań».

**ХАБАР**

6:00 Қорытынды жаңалықтар. 7:30 «Пәленшеевтер». 8:10 «Discovery: Как устроена Вселенная». 9:00 «Келінжан». 11:00 «Вкусное утро». 11:30 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 12:15 «Листопад». 14:10 «Большая маленькая ложь». 16:00 Тікелей эфирде «Қоғамдық талқылау». 17:10 «Жестокий Стамбул». 18:00 «Удачная сделка». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:50 «Новый курс». 21:00 Итоги дня. 21:40 «Листопад». 23:25 «Жестокий Стамбул». 0:15 «Анашым, мені қалдырмаӘ». 1:05 «Пәленшеевтер».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:15 «Сүлеймен Сұлтан». 12:20 «Ханзада Жумонг». 13:50 Специальный репортаж. 14:05 «Буба». 14:30 «Маша и медведь». 15:00 «Бір болайық». 16:00 «Aitarym bar». 16:55 «Қош келдіңіз!». 17:50 «Үздік әзілдер». 18:10 «1001 түн». 20:00 ASTANA TIMES. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Ханзада Жумонг». 0:30 «Бір болайық». 1:10 ASTANA TIMES. 2:00 «Елорда қуаты». 2:20 «Әзілстан». 2:30 «KazNet». 2:50 «Біреудің есебінен». 3:35 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ». 07.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 08.00 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 09.50 НОВОСТИ. 10.30 «ВОСТОК-ЗАПАД». 12.30 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ». 14.20 «ЗА ВИТРИНОЙ». 16.15 «ЖАН ҚҰРБЫМ». 18.00 «ЯСМИННІҢ ТАҒДЫРЫ». 19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20.00 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ». 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ. 21.40 «ОТСТАВНИК». 01.10 «ВОСТОК-ЗАПАД». 02.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ». 03.35-04.20 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Гу-гулет». 07.30 «Парижден мені іздеп тап». 08.00 «Элиф». 09.00 «Анна-детективъ». 10.00 «Смеяться разрешается». 11.50 «Куба». 13.00 «Субботний вечер». 14.30 «Q-елі». 15.00 «Парижден мені іздеп тап». 15.30 «Побег из аула». 16.10 «Юморина». 18.40 «Свадьба KZ». 20.15 «Q-елі». 21.00 «Зачетный препод-2». 23.00 «Зачетный препод-3». 00.50 «Кзландия». 01.20 «Побег из аула». 02.00 «Оралу». 03.10 «Айнаонлайн». 03.45 «Элиф». 04.30 «Жеңіп көр». 05.15 «Гу-гулет».

**AQSHAM**

09:02 Реклама. 09:10 Детский час. 10:00 Новости. 10:30 Время мультфильма. 13:00 Новости. 13:40 «Балапан». 15:00 Еске алу. 16:30 Информационный блок. 18:00 Еске алу. 19:00 Новости. 19:40 Передача. 20:00 Құтты болсын. 21:00 Новости. 21:45 Реклама. 22:00 Передача. 23:00 Новости. 23:45 Реклама.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Таңғы шоу». 10.00 «Дидар». 10.15 «Таңғы шоу». 11.55 «Айналайн». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жас time». 13.55 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 14.10 «Жаса, Қазақ!». 15.45 Деректі фильм. 16.00 «Хабарландыру». 16.15 Документальный фильм. 16.55 «Айналайн». 18.00 «Дидар». 18.15 «Мультфильм». 18.30 «Гороскоп». 18.35 «Хабарландыру». 18.50 Документальный фильм. 19.45 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 20.00 «Жұмадағы жүздесу». 20.30 «Дидар». 22.00 «Панорама дня». 22.30 «Тәулік тынысы». 22.55 «Ән шашу». 23.30 «Дидар».

**31-АРНА**

06:00 Ризамын. 07:00 Информбюро. 08:00 «Ганга». 10:00 «Лунтик». 11:00 «Аладдин». 12:00 ««Махаббатым, кеш мені». 14:00 Информбюро. 14:30 «Кел татуласайық». 17:00 «Экстрасенсы детективы». 18:00 «Леди исчезают в полночь». 19:00 «Беглые родственники». 20:00 Информбюро. 21:05 «Макс Стил». 22:55 «What's Up?». 23:55 «Интерны». 01:00 Алдараспан, Шаншар нысана әзілдері. 03:30 Ризамын. 04:00 Әзіл студио.

## SENBI
### 6 MAÝSYM

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар». 6:30 «Қазақ даласының құпиялары». 6:55 «Сәлем, Қазақстан!». 8:20 AQPARAT. 9:00 «Құрбылар».10:00 «Шексіз сезім».12:00 «NUR TILEÝ».12:35 «КЕМЕДЕГІ ОҚИҒА». 14:00 «Көсем». 14:50 «Ғажайып дәрігер».15:40«Сақ-жебе».16:10 «Ázil álemi». 18:00 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».20:00 «MÁSELE».20:40 Айтыс21:30 «КӨСЕМ».22:20 «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».23:10 «Гарри Поттер және құпия бөлме».1:40 «Jaidarman».2:30 «Másele».

**ХАБАР**

6:00 «Тамаша». 7:10 «Алашұлы». 9:00 «Өзін-өзі тану». 9:10 «Малышарики». 10:10 «1001 түн: айтылмаған әңгімелер». 11:00 «Удачная сделка». 13:00 «Жұлдызды жекпе-жек». 14:45 «Келінжан». 17:00 «Каникулы off-line». 18:35 «Любовь по наследству». 20:15 «Отдел журналистских расследований». 21:00 «7 күн». 21:30 «Ханна. Совершенное оружие». 23:15 «Логово». 1:00 «Төрлетіңіз».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Әзілстан». 7:00 «Үздік әзілдер». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 «Кулфи». 11:15 «Сүлеймен Сұлтан». 12:15 «Ханзада Жумонг». 13:40 «Буба». 14:00 «Маша и медведь». 14:20 «Врата дракона». 16:50 «Алдараспан». 18:10 «1001 түн». 20:00 «Үздік әндер». 20:55 Loto 6/49. 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Ханзада Жумонг». 0:30 «Azil keshi». 2:10 Той жыры 2:35 «KazNet». 2:55 «Әзілстан». 3:15 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «КТК». ҚОРЖЫНЫНАН». 07.30 «КЕТТІК ТОЙҒА». 08.30 «ҮЛКЕН ҮЙ-3». 09.20 «ОТСТАВНИК». 13.10 «ПЕРЕКАТЫ СУДЬБЫ». 16.30 «ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТІ». 18.40 «ӘН МЕН ӘНШІ». 21.00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ». 22.00 «ДЕРЖИ МЕНЯ ЗА РУКУ». 01.20 «СПАСИТЕ НАШУ СЕМЬЮ». 02.50-04.10 «ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЖІГІТТЕР».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Куырдак». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 09.00 «О здоровье: понарошку и всерьез». 09.30 «Фиксики». 10.00 «Субботний вечер». 12.20 «Свадьба KZ». 14.10 «Домик на счастье». 18.00 «Ата-ана.Бала-шаға». 21.00 «Веселые каникулы». 22.40 «Кровавый транзит». 00.20 «Лифт». 02.00 «Оралу». 03.00 «Айнаонлайн». 04.00 «Q-елі». 04.30 «Жеңіп көр». 05.10 «Гу-гулет».

**AQSHAM**

09:02 Реклама. 09:10 «Детский час». 11:30 Информационный блок. 11:40 Вспомним! (О Героях ВОВ). 13:10 Реклама. 13:30 Информационный блок. 15:00 Еске алу. 17:10 Информационный блок. 18:00 Еске алу. 19:30 Передачи телеканала. 20:00 Құтты болсын. 21:00 «Детский час». 22:10 Информационный блок. 23:50 Реклама.

**ДИДАР**

08.00 «Дидар». 08.30 «Гороскоп». 08.35 «Ән шашу». 09.05 Документальный фильм. 10.00 «Дидар». 10.15 «Сыйласайық». 11.55 «Айналайн». 13.00 «Дидар». 13.30 «Жұмадағы жүздесу». 14.00 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 14.15 «Айналайын». 15.45 Мультфильм 16.00 «Хабарландыру». 16.10 Документальный фильм. 16.55 «Айналайн». 18.00 «Дидар». 18.30 «Гороскоп». 18 35 «Хабарландыру». 18.50 «Мультфильм». 19.00 «Батырлар жырың жатқа айтам». 19.05 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 19.25 «Елдің адамы». А.Ермекбаев. 20.00 «Сәлем». 21.00 «Кеш келген махаббат». 23.00 Документальный фильм.

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио. 07:00 Ризамын. 08:00 «Летающие звери». 09:00 «Готовим с Адель». 09:30 «Битва экстрасенсов». 12:10 «Әзілдер жинағы». 13:00 «What's Up?». 14:00 «Макс Стил». 16:00 «Астробой». 18:00 «Золушка». 19:30 «Красавица и чудовище». 22:00 «Өнер қырандары Берекелі Мереке 4». 01:10 Әзіл студио. 03:00 Ризамын. 04:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері.

## JEKSENBI
### 7 MAÝSYM

**QAZAQSTAN**

6:05 «Ауылдастар».6:35 «Қазақ даласының құпиялары». 7:05 «Сәлем, Қазақстан!».7:35 «Кемедегі оқиға». 9:00 «Лего: Марвел».10:00 «Шексіз сезім».12:00 «Фатима мен Зухра».14:00 «Көсем». 14:50 «Ғажайып дәрігер».15:40 «Гарри Поттер және құпия бөлме». 18:10 «ШЕКСІЗ СЕЗІМ».20:00 «АРТА».20:50 «ҚЫЗҒАЛДАҚ ҒҰМЫР».21:15 «Kóńil tolqyny».21:30 «КӨСЕМ». 22:20 «ҒАЖАЙЫП ДӘРІГЕР».23:10 «Kóńildi tapqyrlar alańy». 0:40 «Apta». 1:30 «Қызғалдақ ғұмыр».1:50 «Nur Tileý».2:20 «Ауылдастар».

**ХАБАР**

6:00 «Саған әнім». 9:00 «Самопознание». 9:10 «Малышарики». 10:15 «1001 түн: айтылмаған әңгімелер». 11:20 «Каникулы off-line». 13:00 «Любовь по наследству». 14:40 «Аманат». 17:00 «Ханна. Совершенное оружие». 18:45 «Мәжіліс. kz». 19:15 «Жұлдызды жекпе-жек». 21:00 «7 күн». 21:30 «Большая неделя». 22:30 «Новая кровь». 23:40 «Аманат». 1:50 «Көрімдік».

**АСТАНА**

6:00 «Ән мен әзіл». 7:00 «KazNet». 7:30 «Әзілстан». 8:00 «Маша и медведь». 10:00 TeleBingo. 10:25 «Кулфи». 11:40 «Сүлеймен Сұлтан». 12:40 «Ханзада Жумонг». 14:00 «Врата дракона». 16:30 «Алдараспан». 18:10 «1001 түн». 20:00 «Үздік әндер». 20:45 «Аялы алақан». 21:00 «Сүлеймен Сұлтан». 22:00 «Кулфи». 23:10 «Ханзада Жумонг». 0:30 «Ел аузында». 1:10 «KazNet». 1:40 Той жыры. 2:05 «Әзілстан». 2:35 «Ән мен әзіл».

**КТК**

07.05 «ӘН МЕН ӘНШІ». 08.10 «КТК-да ҚАБАТОВ». 09.20 «ЮРМАЛА». 11.10 «ДЕРЖИ МЕНЯ ЗА РУКУ». 14.50 «СЧАСТЛИВАЯ СЕРАЯ МЫШЬ». 16.30 «ЖҰМАҚТЫҢ КІЛТІ». 18.50 «АЛДАРАСПАН». 21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ». 22.00 «ДЕВЯТЬ ДНЕЙ ДО ВЕСНЫ». 23.40 «СПАСИТЕ НАШУ СЕМЬЮ». 01.10 «АЛИ, ВАЛИ, ҒАНИ, НАСИБА ҚАЙДА?». 02.20 «КТК-да ҚАБАТОВ». 03.20-04.00 «КӨРІПКЕЛ».

**7-АРНА**

06.00 «Қыздар арасында». 06.50 «Куырдак». 07.30 «Гу-гулет». 08.00 «Айнаонлайн». 09.00 «О здоровье: понарошку и всерьез». 09.30 «Фиксики». 10.00 «Ни слова о любви». 13.50 «Розовая пантера». 15.40 «Розовая пантера-2». 17.20 «Q-елі». 18.00 «Зың-зың Кулпәш». 21.00 «Блондинка в законе». 22.50 «Блондинка в законе-2». 00.30 «Озеро». 02.00 «Оралу». 03.00 «Айнаонлайн». 04.00 «Q-елі». 04.30 «Жеңіп көр». 05.10 «Гу-гулет».

**AQSHAM**

09:02 Реклама. 09:10 «Детский час». 11:30 Информационный блок. 11:40 Вспомним! (О Героях ВОВ). 13:10 Реклама. 13:30 Информационный блок. 15:00 Еске алу. 17:10 Информационный блок. 18:00 Еске алу. 19:30 Передачи телеканала. 20:00 Құтты болсын. 21:00 «Детский час». 22:10 Информационный блок. 23:50 Реклама.

**ДИДАР**

08.00 «Гороскоп». 08.05 «Ән шашу». 08.35 Мультфильм 09.05 Документальный фильм 10.00 «Дидар». 10.15 «Әндер мен жылдар». 11.55 «Айналайн». 13.00 «Елдің адамы». А.Ермекбаев. 13.35 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 14.00 «Күнім, сен сөнбеші!». 15.55 «Батырлар жырың жатқа айтам». 16.00 «Хабарландыру». 16.10 Мультфильм. 16.30 «Кеш келген махаббат». 18.30 «Гороскоп».
18.35 «Хабарландыру». 18.50 Мультфильм. 19.05 «Поэзия! Менімен егіз бе едің?». 19.15 Мұрағат. «Жеңіске үлес қосқандар». 19.35 «Руханият». 20.00 «Сәлем». 21.00 «Алаяқтар». 22.30 «Айдыны шалқар аққумын».

**31-АРНА**

06:00 Әзіл студио. 07:30 Ризамын. 08:30 «Летающие звери». 09:30 «Малыши и летающие звери». 10:00 «Готовим с Адель». 10:30 «Астробой». 12:30 «Золушка». 14:10 «Красавица и чудовище». 16:50 «Дети шпионов 4: Армагеддон». 18:40 «Викинги против пришельцев». 21:00 «Битва экстрасенсов». 23:30 «Ты не одинок». 02:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 03:30 Әзіл студио. 04:30 Ризамын.

# «ҮЗДІК АУЫЛ ӘКІМІ» республикалық конкурсы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында айқындалған «Халық үніне құлақ асатын мемлекетті» қалыптастыру және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында «Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсының басталғандығы туралы хабарланады.

**Конкурсты өткізу кезеңі:** 2020 жылдың мамыр-қыркүйек айлары.

Конкурсқа қатысуға мемлекеттік қызметте әкім лауазымында бір жылдан кем емес өтілі бар, сондай-ақ алынбаған әкімшілік және тәртіптік жазалары жоқ ауыл әкімдеріне жол беріледі.

Конкурсқа құжаттар **2020 жылдың 25 мамырынан бастап 15 маусымына (қоса есептегенде)** дейін қабылданады.

Конкурстың ережесі туралы толық ақпарат Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық Департаментінің және облыс Әкімдігінің ресми сайтына орналастырылған (Әдістеме сілтемесі).

Конкурс құжаттарын **s.zhumabaev@kyzmet.gov.kz** эл. поштасына жолдаңыз.

Конкурсты ұйымдастыруға байланысты қосымша сұрақтар бойынша **+77754977282** тел. нөміріне хабарласуға болады.

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

# СУ АЙДЫНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖАДНАМАСЫ

Алда жазғы шомылу кезеңі басталады. Күн сайын ауа температурасы жоғарылып, су қоймаларындағы су жылынып, көп тұрғындар өз демалыстарын суда өткізгілері келеді.

Жақсы жүзе білу суға шомылудың бірден бір қауіпсіздік құралы, сондықтан суға жүзе білетін азамат қашанда судағы әрекеттерді жақсы меңгеруі керек.

**Судағы кейбір қауіпсіздік ережелері:**

– су қоймаларындағы арнайы орнатылған орындарда шомылыңыз;

– судың саяз жерін көрсететін қалқыма белгіден аспай шомылыңыз;

– судағы демалыста балаларды үлкендердің қарауынсыз қалдырмаңыз;

– бейтаныс жерлерде шомылмаңыз;

– шомыла білмесеңіз, белден төмен жерге кірмеңіз;

– суда қалқып тұрған желмен кеткен үрмелі құралдардың соңынан жүзбеңіз;

– шомылу кезінде денеңізді тоңуға дейін апармаңыз. Ұзақ уақыт суда болу дененің тоңазытуына әкелетінін есте сақтаңыз;

– жағажайдан алыс жүзіп кетпеңіз;

– жүріп келе жатқан қайықтарға қарай жақын жүзбеңіз;

– қайық, скутер, катамаран және т.б. жүзу құралдарымен қолданар кезде құтқару кеудешесін немесе белдемшесін киюді ұмытпаңыз;

– гидротехникалық құрылымдар, шлюздер, көпірлер, өткелдер, жылы су қашыртқысы аймағында 500 метр арақашықтықта шомылуға тыйым салынған;

– «Шомылуға тыйым салынған» деген белгіге назар аударыңыздар;

– қатты ағысқа түскенде оған қарсы бағытта жүзбеңіз, ағысты жағажайға жетуге пайдаланыңыз;

– түнгі мезгілде шомылуға тыйым салынады.

***Азаматтар! судағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, сіз өзіңізді және жақындарыңызды жазатайым оқиғадан сақтай аласыз!***

**Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы**

# ЧЕКТІ ТАЛАП ЕТ




Жезқазған қаласы бойыша мемлекеттік кірістер басқармасы- азаматтық белсенділікті арттыру, азаматтардың тауар, жұмыс және қызмет тұтынушысы ретіндегі өз мүдделерін қорғау бойынша құқықтық мәдениетін қалыптастыру, көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту мақсатында – **«Чекті талап ет»** кең ауқымды республикалық акциясы болып жатқандығын хабарлайды.

Акцияға тек деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-кассалық машиналардың чектерін (Онлайн БКМ) чектері қатысады. Қатысушы және чек туралы мәліметтерді тіркейтін **«Таңдау»** тегін мобильді қосымшасы **App Store, Google Play market-те** қолжетімді.

Тек тауарлар, жұмыстар және қызметтер үшін төленген сомаға берілетін чектерді «Таңдау» мобильдік қосымшасында тіркесе болды.

Акция шарттары бойынша чектің берілген күні мен уақыты ұтыс ойыны басталған күннен ерте болмауы тиіс. Бір қатысушы тіркейтін чектер саны шектелмеген.

Договор купли-продажи квартиры за №5481 от 11.07.2012 г. расположенного по адресу г. Сатпаев, ул. Мангилик ел, 7д, кв 23, удостоверенный нотариусом Кажмаганбетовой А.Т **признать недействительным связи с утерей.**

Алашахан даңғылындағы 3 және 1 бөлмелі пәтерлер сатылады. Бағасы келісімді. **Байланыс телефоны: 8 777 116 3134**

**БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК KCJBKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.**

**Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

**Директор – бас редактор**
**Дархан Қабылдашұлы МҰХАН**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.)

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет редакцияның өз компьютер орталығында терiлiп, беттелдi.
Қарағанды қаласында «Типография «Арко» ЖШС баспаханасында (Сәтбаев к-сі, 15) офсеттік тәсілмен басылды.

Таралымы – 2100. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №11. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады.
Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фототілші – Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА.

Ⓐ – материал ақылы.

**100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa_jez@ mail.ru whatsApp +7 708 420 19 88**
**Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.**

1 МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

## *Наурыз келді қалама*

*Құтты наурыз, кел, кел, төрлет,*
*Көрмесінші жерім бейнет.*
*Адал ұлың ел басқарсын,*
*Жойылсыншы зұлмат, нәубет.*

*Жезқазғаным, гүлдене бер,*
*Көркейе бер, жасыл қалам,*
*Бүгініңе тәубе дейміз,*
*Болашаққа болмай алаң.*

*Төрлет, Наурыз, Жезқазғанға,*
*Береке әкел жылдан жылға.*
*Өрлеу әкел басымызға,*
*Қасиет бер тасымызға.*

*Тазалық бер суымызға,*
*Көркею бер нуымызға.*
*Несібе бер көлімізге,*
*Береке бер жерімізге.*

**Наргиз ОЛЖАБЕК,**
**Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің**
**7 ә сынып оқушысы**

## *Абай атаға*

*Абайды танып, жырларын оқу – мүддеміз,*
*Әлемде мынау ай менен күндей бір егіз,*
*Абай мен қазақ, қазақпен Абай – бір ұғым,*
*Тәуелсіз елдің орнатып кеткен тұғырын.*

*Ұлықтап жатыр аға ұрпақтардың өкілі,*
*Абайдай бабам мәңгілік тірі секілді.*
*Жақсылық қане, жамандық неден шығады?*
*Жауабын тауып, көрсеттің жолын сұрақтың.*

*Жастанып жаттап, оқимыз ақын бабаны,*
*Әлемнен алған тым биік орны дананың.*
*Абайдың әнін, Абайдың сөзін, ілімін,*
*Мәңгілік, ақын, ұлықтап өтед деп ұғын.*

**Сабина СЕРҒАЗИНА,**
**Қ.И.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің**
**8 г сынып оқушысы**



**Саруар НҰРАСЫЛ,**
**Қ.И.Сәтбаев атындағы № 7 мектеп-лицейдің**
**6-сынып оқушысы**

# АДАМ ҚҰҚЫҒЫ БАЛА ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДАН БАСТАЛАДЫ

***Бала құқығын қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселесіне басымдық беруіміз қажет.***
***Қ.К. ТОҚАЕВ***

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі – балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік ортада ең осал, аз қорғалған санаты, яғни балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың жағдайын жақсарту болып табылады. Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді. Балалар ересектер сияқты негіз қалаушы: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абыройын төмендетуден, ата-аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды.

Жезқазған қаласының білім бөлімі қорғаншы және қамқоршы жөніндегі функцияларын жүзеге асыра отырып, кәмелеттік жасқа толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайды.

Жезқазған қаласы бойынша әлеуметтік мәртебесі анықталған 181 бала бар. Оның ішінде 90 бала қорғаншылық пен қамқоршылыққа, 14 бала патронаттық тәрбиеге берілген. (М.Құлышева атындағы балалар үйінде – 73, оның ішінде тұрақты топта – 38, уақытша топта – 31, балалар үйінде – 8, жасөспірімдер үйінде – 4 бала).

Соңғы жылдары Жезқазған қаласында балалар үйлерінің тәрбиеленушілері болып табылатын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санын қысқарту бойынша оң динамика байқалады. Балалардың көбісі отбасына тәрбиелеуге берілген. Мысалы, 2015-2019 жылдар аралығында 68 бала отбасына орналастырылды. Оның ішінде 7 бала өз отбасына қайтарылды, 10 бала қорғаншылықта (қамқоршылықта), 45 бала патронаттық тәрбиеде және 4 бала асырап алушы отбасында тәрбиеленуде.

Бала асырап алуға үміткер ата-аналар М.Құлышева атындағы балалар үйі жанынан ашылған қабылдаушы ата-аналар мектебінен екі апталық курстан өтеді. Асырап алушы отбасыларына психологиялық, кеңестік, құқықтық көмек үнемі көрсетіліп тұрады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей баланың құқықтары мен бостандықтары Заң жүзінде қорғалады. Дегенмен, өкiнiштiсi сол бүгінгі өмірде келеңсіз жағдайлардың көбі заң талаптары мен тәртібін біле бермейтіндіктен туындап жатады. Еліміздің бала құқықтары туралы заңның 21-бабына сәйкес, баланың мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы, өзінің ата-анасын және басқа да жақын туыстарын білуге құқығы, олардың қамқорлығы мен тәрбиесін алуға құқығы бар. Алайда, тайға таңба басқандай етіп жазылған осы талаптар ата-аналар тарапынан сақтала бермейді. Сондықтан, ата-аналық құқықтан және баланы бағып-қағудан айыруға байланысты шаралар заң жүзінде қолданылып жатады. Мысалы, өткен жылы Жезқазғанда 4 ата-ана құқығынан шектелсе, 2 ата-ана ата-аналық құқығынан айрылды.

Әрбір баланың отбасында тұрып, тәрбиеленуге құқығы бар дегенімізбен ата-аналары ажырасып, екі жаққа кетіп жатқан жағдайлар да аз емес. Неке бұзылған кезде бала көбінесе анасының жанында қалады, ал әкесімен, әдетте, демалыс күндері жолығып тұрады. Осы ретте ата-ананың ажырасуы бұдан кейін бөлек тұра бастаған әкесі мен баласының арасындағы қатынастарды тоқтатуға әсер етпеуі тиіс екенін ұмытпаған жөн. Отбасынан бөлек тұратын ата-ананың баласымен араласуға, оның тәрбиесі мен білім алуы мәселелерін және басқа да маңызды мәселелерді шешуге қатысуға құқығы бар. Ағымдағы жылы білім бөліміне баладан бөлек тұратын ата-анадан 56 өтініш түсіп, екі тараптың келісімімен баламен кездесіп тұру шешімі шығарылды. Бұл бұған дейін баланың құқығы бұзылып, ол отбасынан кеткен әкесімен не шешесімен кездесуден қағылды дегенді білдіреді.

Бала өз мүддесіне қатысты кез келген отбасылық мәселелерді шешкенде өз ой-пікірін еркін білдіруге құқылы. Ол 10 жасқа толған соң, оның пікірімен де санасу ата-анаға міндет. Бала мүліктік құқыққа да ие. Заң балаға сыйға немесе мұраға алған мүлікті меншігіне алу құқығын береді. Әрбір баланың Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үйге құқығы бар. Әрбір баланың жақсы оқып, сабақта өмірге қажетті жаңа және пайдалы білімдерді беріп отыруға құқығы бар. Сондықтан, біз өз тарапымыздан жоғарыда айтылған бала құқықтарын қорғау, кәмелетке толмағандардың әлеуметтік, мүліктік, тұрғындық құқықтарын қорғау мәселелері бойынша қолданыстағы заңнамалардың орындалуын қамтамасыз етуге ат салысудамыз.

Мемлекеттің ертеңгі мықты тұғыры – жас ұрпақ. Сондықтан, өскелең ұрпақ қамын ойлау, балалық шақ¬тың басымдығын мойындататын құнды¬лық екендігін терең сезіну баршамыздың міндетіміз.

**Қарлығаш МУШЕНОВА,**
**Жезқазған қаласы білім бөлімінің қорғаншылық қамқорлық функциясын жүзеге асыру бойынша бас маманы**

# СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕН

**Жастайынан жанына спортты серік еткен талапты оқушының бірі – Жанқұтты ЖАНТІЛЕУ. Биыл бастауыш сыныпты озаттар қатарында тәмамдап отырған Жанқұтты мектептегі барлық қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады.**



Ол өлең оқығанды да жақсы көреді. Ата-анасының ақыл-кеңесімен каратэ спорты үйірмесін таңдаған ол, бұл спорт түрін әп сәтте-ақ жете меңгеріп кетті.

– Ер бала кез келген спорт түрін тез игеріп кетеді деп ойлаймын. Басында қиын көрінгенімен, уақыт өте каратэге деген қызығушылығым арта түсті. Халқымыздан қалған «Жігітке жеті өнер де аз, жетпіс өнер көп емес» деген мақал менің ұраным іспетті. Ұстаздарым үйреткен оқу-білімді барынша бойыма сіңіріп, болашақта білім-инновация лицейіне немесе Назарбаев мектебіне тапсырғым келеді. Одан әрі еліміздің алдыңғы орындағы университеттерінде білімімді жалғастырып, ата-анамның, ұстаздарымның үмітін ақтасам деймін. Барынша жан-жақты болуға тырысамын. Мен ән айтқанды да жақсы көремін, – дейді жас спортшы.

Ол ең күрделі әрі қиын шығыстық спорт саналатын киокушинкай каратэмен 7 жасынан бастап айналысып келеді. Осынау салада Жанқұтты жеткен жетістіктер де аз емес. Ол бүгінде Жезқазған – Сәтбаев қалалары бойынша каратэ жарыстарының, Қазақстан Республикасы солтүстік және орталық аймағының киокушинкай каратэден өткен ашық республикалық турнирінің жеңімпазы. Болашағынан зор үміт күттіретін Жанқұттының әлі де бағындырар белестері көп. Жас каратэші Жезқазғанның ғана емес тұтас елдің абыройын әлемдік аренада асқақтататына сенім мол.

# ЖАН-ЖАҚТЫ БОЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Бүгінгі жаңа технология заманы әр оқушыдан компьютер тілін терең үйреніп қана қоймай, оны өз игілігіне жаратуды талап етеді. Заманауи технологияның құлағында ойнайтын балақандар біздің қаламызда да жетерлік. Олардың біразын «Жарқын ақыл» білім және даму орталығынан табуға болады. Осындай дарынды оқушының бірі – Айжан МАРАТ.**



«Диндалле»ансамблінде би өнерінің қыр-сырына қаныққан Айжан бейнелеу өнерінде жақсы көреді. № 3 ЖОББМ-дегі ұстаздарынан үйренгені мол ол ізденімпаздығымен ерекшеленді. Соның арқасында ағылшын тілінде жоғары деңгейде үйреніп алды. Бұған қоса қазақ әдебиеті, биология, география пәндерінде қызыға оқиды.

Айжан болашақта компьютер дизайнері болғысы келеді. «Фотошоп» жане «Иллюстратор» бағдарламаларымен түрлі пейзаждар мен бейнелерді, кейіпкерлерді жасауды армандайды. Осы мақсатта «Жарқын ақыл» білім және даму орталығынан арнайы білім алуды жөн көріпті. Осындағы ұстазы Нұрқанат Құлмағанбеттің жетекшілігімен «Логика және бағдарламалау негіздері» курсынан бұрын білмейтін біраз жаңа дүниелерді үйренді.

Жауапкершілігі бар, тәрбиелі, ұқыпты қыз көпті сүйсіндірмей қоймайтыны сөзсіз. Бүгінде оның алғашқы жетістіктері көз қуантпай қоймайды. Мысалы, ол жақында «Scratch» бағдарламасы арқылы «Ғарыштағы қызықты оқиғалар» ойынын жасап шығарды. «Бұл менің алғашқы баспалдағым. Алдағы уақытта бұдан да ерекше, көпті қайран қалдырар жаңа туындыларымды паш ететін боламын» деген Айжанға бізде сәттілік тілейміз.

**Ай СҮГІР**

МАМАН КЕҢЕСІ

# САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ



**Көктемнің соңғы айын артта қалдырып, алдымызда суға шомылу кезеңі жақындап қалды. Кеңгір су қоймасының жағалауларында балық аулаушылар мен демалушылар көбеюде. Осыған орай Жезқазған құтқару бөлімінің қызметкерлері Кеңгір су қоймасының жағалауында бақылау жұмыстарын жүргізіп, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ескертулер жасауда.**

Біз қала тұрғындары мен қонақтарын судағы ережелерді қатаң сақтауға шақырамыз. Ондағы басты міндетіміз – адамдардың суға батып кетуіне жол бермеу, оларды судан келер қауіптен сақтандыру.

Бүгінде сумен ойнаудың қауіпті екенін, оның қателікті кешірмейтінін балалардың көбі түсіне де, біле де бермейді. Сондықтан, ата-аналардан балаларын бақылап, үнемі қадағалап отыруды сұраймыз. Олардың қауіпсіздігі үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізудің де маңыздылығын еске саламыз. Әр адам өз өміріне жауапкершілікпен қарап, судағы ережелерді қатаң ұстана білсе, ешкандай қайғылы жағдай орын алмас еді. Балаларға ең бастысы өзіміз үлгі болуымыз қажет. Сол себепті, суға шомылу науқанына асқан дайындықпен келуді ұмытпағайсыздар.

«Сақтықта қорлық жоқ» демекші, балықшылардың да құлағына алтын сырға. Балық аулауға шыққанда өздеріңізбен бірге құтқару кеудешелерін, белдіктерін ала шығу керек. Кешкі және түнгі мезгілдерде, өзіңізді жайсыз сезінген уақытарда балық аулауға шықпаңыздар.

Осы қарпайым ережелерді сақтай отырып, сіздер өздеріңізді және жақындарыңызды апаттан, қайғылы оқиғалардан арашалай аласыздар. Ендеше, әрқашан сақ жүрейік!

**Гүлжанат ТАШЕВА,**
**Жезқазған қаласының құтқару бөлімінің медбике-құтқарушысы**

АЛҒЫС

# РАХМЕТ, ҰСТАЗ!

Білімді де тәрбиелі талай шәкірттің талабына қанат бітіріп, өнерлі өрендердің жолбасшысына айналған аяулы ұстаздардың бірі – № 10 жалпы білім беретін орта мектептің мұғалімі **Жансая ӘБІШ.**

Ордалы білім ордасы оқушыларына есігін айқара ашқан 2006 жылы еңбек жолын бастаған біздің мұғалім мектеп табалдырығын тарыдай болып аттаған балғындарға оңы мен солын танытып, білім әлеміне жетеледі. Озат оқушылардың бірнеше легін жоғары сыныпқа түлеткен Жансая Нөпірбайқызының педагог-психолог қызметін де абыроймен атқарғанын айтпай кетпеске болмас. Ізденуден талмайтын, жаңашылдыққа құмар ұстазымыз біздің ұл-қыздарға 2018-2019 оқу жылынан бері жетекшілік етуде. Алдына келген оқушыларды баласындай көретін ол алғыр шәкірт тәрбиелеп қана коймай, өз-өздеріне сенімді, жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптастыруда. Сондықтан, саналы тәрбие мен сапалы ілімді қолына ту еткен Жансая Нөпірбайқызына ата-аналардың айтар алғысымыз мен білдірер лебізі ерекше.

Ұстаз деген – биік тұлға байсалды,
Талай шәкірт жүрегіне ой салды.
Бар ғұмырын ізденіспен, еңбекпен,
Білім деген ұлы көшке жол салды.

Ұстазымды теңер едім анаға,
Білім менен шуақ берген балаға.
Шәкірт үшін қылқаламын тербетіп,
Түн ұйқысын бөлген білім арнаға.

Ұстаз деген – қазақтың кең даласы,
Ілім деген ен байлықтың панасы.
Бар байлығын ұрпағы үшін сарп еткен,
Деген оймен кем болмасын баласы.

Ұстаз деген доста болар сыр шертер,
Сүрінгендер, шалынғандар демелер.
Шәкірт үшін қаймағын қалқи құйып,
Қаспағын еңбекпенен қырып берер.

Ұстазға жан бар ма екен бас имейтін,
Ұстаз – емші, біліммен емдейтін.



Әр шәкіртін аялар арда ұстазым,
Ғұмырлы боп, шаттықты боп жүргейсің.

**№10 ЖББОМ-тің 4 «а» сынып**
**оқушылары, ата-аналары**

# ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУҒА АСЫҚҚАН

**Жезқазған аймағында волонтерлікпен айналысып жүрген топтың бірі – «Аяла» еріктілер клубы. 2016 жылдың 3 қарашасында құрылған топ негізінен әлеуметтік жағдайы төмен, көп балалы отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға барынша қол ұшын созып, қолтығынан демеуді мақсат етеді.**

– Волонтерлік – қазаққа жат қасиет емес қой. Кім болса да көмекке зәру жанға жанымызды салып қорған болатын, барын аямайтын ұлттың ұрпағымыз. Бүгінгідей адамдар жанашырлықтан алыстаған заманда қолыңнан келгенше жақсылық жасау – ерлікпен тең. Одан бөлек, волонтерлік – ізгілікті әрі сауабы мол іс. Біз, құрбым Арайлым Қаппасовамен бірге тұрмыс-жағдайы нашар отбасыларға ақшалай немесе заттай көмек көрсетеміз. Біздің құрамымызда тағы бірнеше қыздар бар. Кей кездерде бізге кеншілер демеушілік етеді, – дейді «Аяла» волонтерлар клубының жетекшісі Мөлдір Шарефединова.

Тәттілер жәрмеңкесі, қайырымдылық кештері, әлеуметтік желідегі челленджер арқылы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған «Аялалықтар» бүгінде он шақты науқас баланың еміне қаражат жинап берді. Олардың қатарында целебралды сал аурына шалдыққан бүлдіршіндер де бар. Жиналған қаражат олардың толыққанды жазылып кетуіне кепілдік бермесе де, күнделікті қажетті ем-домының үзіліп қалмауына септігін тигізді. Карантин уақытында тұрғындар үшін маска тігіп, тегін таратты. Әр 1 маусым сайын мүмкіндігі шектеулі балаларды қуантуға асығатын «Аялалықтар» биылғы жаздың да алғашқы күнін тағатсыздана күтуде.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**